# SARYARQA

ЖЕЗҚАЗҒАН 65

01.11.2019

ЖЕЗҚАЗҒАН АЙМАҚТЫҚ ГАЗЕТІ • 1973 ЖЫЛҒЫ 13 СӘУІРДЕН ШЫҒАДЫ

№42 (8156)



DÚBIR — «7-20-25» – БАСПАНАЛЫ БОЛ — 2-бет

SAIASAT — ДАМУДЫҢ ЖАҢА КЕЗЕҢІ — 3-бет

QOǴAM — ӘДЕП – ӘДІЛЕТ БАСТАУЫ — 5-бет

RÝHANIAT — ЖАҚСЫДАН ҚАЛҒАН ЖӘДІГЕР — 6-бет


## СТЕПЛАГ МҰРАЛАРЫ – МӘСКЕУ МУЗЕЙІНДЕ



**Ресей тарихшылары мен музей мамандарының өткен тарихты зерделеп, мәңгілік есте қалдырудағы зерделі істері кімді болсын тәнті етері анық. Бір Мәскеудің өзінде 400 музей бар екен. Солардың бірі ГУЛАГ тарихы музейінің ұйытқы болуымен мамандар Степлаг ізімен Жезқазғанға келіп, тоталитарлық жүйе кезіндегі солақай саясат салдарынан запа шеккен лагерь тұтқындарынан қалған белгілерді тарихи мұраға айналдыруға бет бұрған еді. Осы орайда олар Жезқазған тарихи-археологиялық музейімен ынтымақтаса жұмыс істеу жөнінде меморандумға қол қойған болатын. Жақында Мәскеудегі ГУЛАГ тарихының Мемлекеттік музейінде Степлаг мұраларын мемориализациялау жөніндегі жобаның тұсаукесері болып өтті. Біздің өңір тарихымен өзектес осы маңызды шараға Жезқазған тарихи-археологиялық музейінің директоры Раушан Оңқонысқызы ҚАПАРОВА арнайы шақырылып, қатысып келді. Біз музей директорымен осы сапардың барысы туралы әңгімелескен едік.**

РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ

***– Раушан Оңқонысқызы, Мәскеу музейінің Степлаг мұрасын мемориализациялауының мән-жайы туралы «Saryarqa» оқырмандарына кеңірек айтып берсеңіз?***

– Бұл іс-шараға себепкер болған жағдайды басынан бастап айтар болсақ, атақты жазушы, Нобель сыйлығының лауреаты Александр Солженицын «Архипелаг Гулаг» атты кітап жазғаны белгілі. Осы шығармадан, мүмкін әкесінің айтқан әңгімелерінен жақсы білетін болар, осы қайраткердің ұлы Ермолай Солженицын бір жолы «Қазақмысқа» іссапармен келіп жүргенде Степлагтың орнына назар аударады. Осы тақырыпты зерттеп жүрген жергілікті тарихшы Тұрғанбек Алланиязов оған жолбасшы болып аралатады. Қаншама саяси тұтқындардың азапты тағдыры өткен жерді аралаған ол ғимарат қабырғаларында салынған суреттерді көреді. Мәскеуге барған соң осындай тарихи орынның ескерусіз, иесіз жатқанын ГУЛАГ тарихы музейіндегілерге жеткізеді. Аталмыш музей жедел іске кірісіп, 2018 жылы арнайы мамандары Жезқазғанға келді. Степлаг ғимараттарынан қалған орынның барлығына аэрофото жасап, құнды жәдігерлерді өлшеп, екшеп қайтқан еді. Содан биылғы жылы экспедиция ұйымдастырып, олар Степлаг орнына сапарларын тағы жалғастырды. Бұл қаламыздың және Степлаг көтерілісінің 65 жылдығындағы елеулі оқиғалардың бірі болды. Мәскеу музейінің бұл істеріне «Саяси қуғын-сүргін құрбандарын мәңгі есте қалдыру» қоры қолдау көрсетуде. Биылғы келген экспедицияны осы қордың атқарушы директоры, Мемлекеттік ГУЛАГ тарихы музейі директорының орынбасары Артем Готлиб басқарып келген-тін. Сондай-ақ, оның құрамында өнертану кандидаты, суретші-реставратор Константин Маслов, реставратор Вадим Сабиров сияқты мамандар болды. Зерттеу тобы жан-жақты жұмыстар жүргізіп, осы бағытта бірлескен шаралар өткізу, құнды мұралар мен жәдігерлер алмасу жөнінде бізбен меморандумға отырып, келіскен болатынбыз. Мәселен, ГУЛАГ тарихы музейі бізге цифрландырылған құжаттар, тұтқындардың хаттары, газет мақалалары мен бейнефильмдер тапсырды. Біз де өз кезегімізде құнды материалдар бердік. Мәскеу музейіндегі тұсаукесер осы тұрғыдағы жұмыстардың нәтижесі десе болады.

***– Ресей астанасындағы бұл шараға Қазақстаннан тағы қатысушылар болды ма? Жалпы тұсаукесерден алған әсер қандай?***

– Жалпы біздің елден мен ғана бардым. Қазақстан Республикасының Ресей Федерациясындағы елшілігінің кеңесшісі Жанар Еділбекқызы Колбачева қатысты. Алған әсер ұшан-теңіз. Іс-шара жинақы әрі тартымды өтті. Экраннан Жезқазғанда жүргізілген зерттеу жұмыстары көрсетілді. Музей директоры Роман Владимирович Романов және зерттеу тобында болғандар жобаның мән-маңызына тоқталды. Олар Степлагқа қатысты зерттеу жұмыстарын одан әрі жалғастырмақшы. Қабырғадағы суреттер тұтқындар арасында шебер суретші болғанын айғақтайды. Суреттерде кеніш, байыту фабрикасы паровоз бейнеленген реставраторлар оны қалпына келтіріп, көшірмелерін жасаған. Сөз кезегінде мен де жазықсыз «халық жауы» аталып, қазақ даласында жазасын өтеген жандардың ауыр жағдайда кен қазып, өндіріс пен қала құрылыстарына қатысқаны жайлы деректерге тоқталдым. Степной лагерь жүйесі 1948 жылдың қыркүйегінде Қарсақбайдан Балқашқа дейінгі аймақты алып жатқан Карлагтың бір бөлігін қамтитын Жезқазғандағы әскери тұтқындарға арналған №39 лагерь базасында құрылды. Степной лагерінің басқармасы әуелде теміржолдың Новорудный стансасына жақын Рудник поселкесінде, кейін келе 1954 жылдан бастап Жезқазған қаласына орналасты. Кейін бұл одақтағы 12 ерекше лагерьдің ішіндегі ең үлкеніне айналды. Оның 9 бөлімшесінде шамамен 25 мыңға жуық адам топтастырылды. Жезқазғанда орналасқан Степлагтың бірінші бөлімшесі алғашқы кеніштерден ауыр жағдайда кен қазуға жұмылдырылды. Сондай-ақ Степлагтың Рудникте, Перевалкада, Жездіде, Теректі теміржол бекеті аймағында және Кеңгірде (қазіргі Жезқазған қаласы) бөлімшелері орналасты. Балқаш пен Шығыс Қоңыратта, Долинкада да бөлімшелері болды. ГУЛАГ жүйесіндегі ең ірі және қайғылы көтеріліс осы Степной лагерінде болды. Сол кездегі Кеңгір қалашығына орналасқан Степлагтың үшінші бөлімшесіндегі саяси тұтқындардың бас көтеруімен 1954 жылы 16 мамырда басталған көтеріліс тура 40 күнге созылған. Әскери күш пен танк қолданылып жаншылған көтерілісте ондаған тұтқын опат болып, соңы қайғылы жағдайлармен аяқталған еді. Сол кезде лагерьде 5392 тұтқын болса, оның 43%-ы әйелдер болатын. Айтарлықтай үлкен толқудан соң 1956 жылы Степлаг жабылды. Ресей елімен іскерлік байланыс ғана емес, көп жылғы осындай ортақ тарихымыз біріктіретіндігін атап өттім.

►► *2-бетте*

ЖАҒЫМДЫ ЖАҢАЛЫҚ

## ЖЕЗҚАЗҒАНДА НАЗАРБАЕВ ЗИЯТКЕРЛІК МЕКТЕБІ АШЫЛАДЫ

**Жезқазғанда Назарбаев зияткерлік мектебі ашылады. Бүгінгі таңда мектепті ашу үшін қажетті рұқсат алынды. Оқу шарттары мен сапасы республиканың ірі қалаларындағы осындай мектептермен бірдей болады.**




Бұл туралы Қарағанды облысының әкімі Жеңіс Қасымбек аппараттық жиында мәлімдеді. Назарбаев Зияткерлік мектебі аймақта жақын болашақта құрылысы жоспарланған алты білім беру ұйымдарының бірі болмақ. Сонымен қатар Қарағандыда тағы екі орта мектеп, Теректі ауылында, Шет және Ұлытау аудандарында да мектептер салынбақ.

– Жаңа мектептер құрылысының арқасында оқу орындарының саны жеткілікті болады. Осылайша біз жұмыс жүктемесі мен үш ауысым мәселелерін шешеміз. Ендігі біздің басты міндетіміз – салынғанына 30 жылдан асқан мектеп ғимараттарын күрделі жөндеу, – деді Жеңіс Қасымбек.

Сондай-ақ, ол аппараттық жиында ерекше қажеттіліктері бар балаларға жағдай жасау керектігін айтты.

Аймақ басшысы қалалар мен аудандардың әкімдеріне бір апта ішінде күрделі жөндеуді қажет ететін мектептердің толық тізімін беруді тапсырды.

**Өз тілшіміз**

ЖАСЫЛ ЭКОНОМИКА

## КҮН ЭЛЕКТР СТАНСАСЫ САЛЫНУДА

**Естеріңізде болар, осыдан екі жыл бұрын ел өміріндегі ерен оқиғаға айналған «EXPO-2017» халықаралық көрмесінің негізгі тақырыбы «Болашақтың энергиясы» деп аталған еді ғой. Онда халықтың жоғары тұрмыс деңгейіне жету жолында табиғи ресурстарды ұтымды пайдаланудың жолдары кеңінен алға тартылған болатын. Содан бергі кезеңде «Жасыл экономика» бағдарламасы өмірге еніп, балама қуат көздерін ел игілігіне айналдыруға айтарлықтай бетбұрыстар жасалуда. Осының айғағындай, облыста биыл іске қосылғалы отырған төртінші күн электр станциясы Жезқазған қаласының іргесінде салынуда.**



Облыс орталығындағы «KAZ GREEN ENERGY» ЖШС тапсырысы бойынша қолға алынған күн электр стансасының құрылысы қалаға қарасты Кеңгір ауылы маңында жүргізілуде. Құрылыс жұмыстарымен 74 адам айналысуда. Бүгінде жабдықталуға тиісті 29 300 күн панельдерінің 5200-і орнатылды. Барлық жұмыстарды жыл соңына дейін толық аяқтау жоспарланған. Балама энергия көзін беретін станцияның қуаттылығы 10 Мвт-қа тең. Мемлекеттік қолдау көрсетіліп отырған бұл ауқымды жобаға 3,7 млрд. теңге инвестициялық қаржы бөлінген. Оған белгілі бір мөлшерде «Қазақмыс» корпорациясы» ЖШС-да өз үлесін қосып отыр.

Жезқазған – күн сәулесі мол түсетін аймақ. Сондықтан күннен қуат алатын технологияның қалыпты жұмысына қолайлы болады деп күтілуде. Бұған дейін облыстың Саран қаласында, Ақадыр кентінде және Балқаш маңындағы Гүлшат ауылында осындай жаңа энергия көздерінің іске қосылуы нәтижесінде 147 млн. кВт/сағат электр қуаты өндіріліпті. Енді Жезқазған станциясы іске қосылғанда 190 млн. кВт /сағат қуат өндіруге қол жетеді деп күтілуде. Кеңгірдегі станцияны Энергетика күніне орайластырып ашу ұйғарылып отыр. Мұнда 10 адам тұрақты жұмыспен қамтылатын болады. Күн электр станциясының пайдалану мерзімі технологиялық талап бойынша 27 жылға жететін көрінеді.

**Амандық РАХҰЛЫ**

ТАЙЖАН ҚАЛМАҒАНБЕТОВТЫҢ ТУҒАНЫНА 140 ЖЫЛ

## ТАЙЖАН ӘНДЕРІ ШЫРҚАЛДЫ

**25-26 қазанда Сәтбаев қаласындағы Ш.Ділдебаев атындағы Кеншілер сарайында екі күнге созылған ІІ республикалық Тайжан әндерін орындаушылар байқауы өтті. Байқау Тайжан Қалмағанбетовтың 140 жылдығына және Қ.Сәтбаевтың 120 жылдығына арналды.**



Байқауға еліміздің әр шалғайынан 14 өнерпаз қатысты. Алғашқы күні әр қатысушы үш әннен орындаса, екінші кезеңде екі әннен орындап бақ сынады.

«Қыл бұрау түскен қырсық күн» атты театрландырылған көріністе Тайжан ақынның жазықсыздан жазықсыз қуғын - сүргінге ұшыраған тағдыры бейнеленді. С. Қожамқұлов атындағы Жезқазған музыкалы -драма театрының артистері сахналаған көрініс көптің көңілін толқытып жіберді. Сәтбаев қаласының әкімі Асқар Ыдырысов өнер бәйгесіне қатысушыларға сәттілік тілеп, байқауға қазылық етуге келген құрметті қонақтар ҚР халық әртісі Қайрат Байбосынов пен ҚР Еңбек сіңірген қайраткері, ақын, әнші-жыршы Қатимолла Бердіғалиевтің иығына ата-баба дәстүріне шапан жапты.

Байқаудың ақтық мәресінде Ұлытау ауданы әкімінің орынбасары Бағдат Байжантаев байқауды ұйымдастырған Сәтбаев қаласының басшылығына Ұлытау ауданының әкімі Б.Әбдіғалиұлының Құттықтау хатын тапсырып, сондай-ақ, бірнеше азаматқа Тайжан ақынның 140 жылдық мерейтойына арнайы шығарылған мерейтойлық медальді табыстады.

Байқау қорытындысы бойынша ІІІ орынды тарбағатайлық Талант Мәжитов, Батыс Қазақстаннан келген Мирлан Жамбулов, ІІ орынды – шымкенттік Әміржан Бекниязов алды. І орынды – қызылордалық Ерлан Ыбырайхан иеленді. Бас жүлдені алматылық ару Жаннұр Мұсылманбек бөктерді. Бас бәйгеге 500.000 теңгелік сертификат және Тайжан атындағы төсбелгі табысталды. Ал Тайжан ақынның ұрпақтары атынан 7 өнерпазға 100 мың және 50 мың теңге мөлшеріндегі арнайы ақшалай сыйлықтар тапсырылды.

**Абдолла НҰРТАУҰЛЫ**
*Сәтбаев қаласы*



SARYARQA-АҚПАРАТ

## ӘБДІЖӘМІЛ НҰРПЕЙІСОВ – «ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЕҢБЕК ЕРІ»

**Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Халық жазушысы Әбдіжәміл Нұрпейісовті қабылдап, «Қазақстанның Еңбек Ері» атағының «Алтын жұлдыз» айрықша ерекшелік белгісін табыстады.**

Қазақстан Президенті көрнекті жазушының ұлттық әдебиетіміздің әлемдік деңгейге көтерілуіне қосқан елеулі үлесіне тоқталып, қазақ әдебиетінің абызын 95 жылдық мерейтойы қарсаңында еліміздегі жоғары наградамен марапаттағанын атап өтті.

– Сіз халқымызға керексіз. Сондықтан сізге зор денсаулық, ұзақ ғұмыр, шығармашылық табыс, бақ-береке тілеймін, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Әбдіжәміл Нұрпейісов Мемлекет басшысына алғыс айтып, Тәуелсіз Қазақстанды өркендету жолындағы жұмысына табыс тіледі.

## Асқар МАМИН: ЖАСТАРДЫҢ ЖҰМЫСПЕН ҚАМТЫЛУЫНА ЕРЕКШЕ НАЗАР АУДАРУ ҚАЖЕТ



**Қазақстанда алдағы 5 жылдық кезеңде еңбек нарығын кешенді дамыту бойынша ұсыныстар әзірленеді. Бұл туралы сәрсенбіде өткен Үкімет отырысында ҚР Премьер-Министрі Асқар Мамин айтты.**

– Біздің басты міндетіміз – нәтижелі жұмыспен қамтуды күшейту есебінен азаматтардың әл-ауқатын арттыру. 2017-2019 жылдар аралығында тиімді іске асырылған «Еңбек» бағдарламасы арқасында жақсы нәтижелерге қол жеткіздік. Соның ішінде 1,3 млн адам жұмысқа орналасты. 51 мың адам өз бизнесін ашты. 248 мың адам біліктілігін арттырды. 53 мың жас азамат алғашқы кәсіптерін игеруде. Сонымен қатар қабылданған шаралардың тиімділігін арттыру үшін келесі тапсырмалар бар, – деп атап өтті ол.

Үкімет басшысының айтуынша, еңбек нарығы құрылымының өзгеруіне байланысты оның осы өзгерістерге икемділігі жоғары болуы қажет.

– Біріншіден, осыған байланысты Еңбек, Білім, Ұлттық экономика министрліктері салалық министрліктермен, әкімдіктермен бірлесіп, осы жылдың соңына дейін алдағы 5 жылдық кезеңде еңбек нарығын кешенді дамыту бойынша ұсыныстарды әзірлесін. Екіншіден, қысқа мерзімде оқыту кепілді жұмысқа орналастыру негізінде жүзеге асырылуы тиіс. Шағын несие және грант беру кезіндегі талаптардың орындалуын нақты бақылау қажет, – деді Асқар Мамин.

Премьер-Министр үшіншіден, жастардың әлеуетін дамыту мақсатында «Жас кәсіпкер», «Жас маман» жобалары іске асырылып жатқанын айтты.

– Жастардың жұмыспен қамтылуына ерекше назар аудару қажет. Осы бағытта жұмысты жалғастырамыз. Жалпы, тұрақты жұмыс орындарын құру әкімдер мен салалық министрліктер жұмысының негізгі басымдығы болып қала береді. Бұл көрсеткіштер барлық мемлекеттік бағдарламаларда, инвестициялық жобалар мен әлеуметтік-жекешелік серіктестік жобаларында көрсетілуі тиіс, – деді Үкімет басшысы.

## БИЫЛ БЮДЖЕТКЕ 6 ТРЛН ТЕҢГЕДЕН АСТАМ САЛЫҚ ТҮСТІ



**Мемлекеттік бюджетке салық түсімдері бойынша жоспар 102,0%-ға, республикалық бюджетке 100,5%-ға және жергілікті бюджеттерге 106,3%-ға орындалды.**

Мемлекеттік кірістер комитетінің басшысы Марат Сұлтанғазиевтің төрағалығымен мемлекеттік кірістер органдарының алқа отырысы өтті.

«Мемлекеттік бюджетке 6 301,2 млрд теңге жоспар кезінде 125,3 млрд теңгеге асыра орындала отырып, іс жүзінде 6 426,5 млрд теңге түсті, оның ішінде: республикалық бюджетке жоспардағы 4 675,1 млрд.теңге болғанда 22,3 млрд.теңгеге асыра орындала отырып, 4 697,5 млрд теңге түсті; жергілікті бюджетке 1 626,0 млрд теңге жоспармен 103,0 млрд теңгеге асыра орындалып, 1 729,0 млрд теңге түсті», – делінген хабарламада.

Ағымдағы жылдың 9 айында камералдық бақылау нәтижелері бойынша 94 млрд теңге өндірілді. Тәуекелдерді басқару жүйесімен тағайындалған кедендік тексеру бойынша анықталған бұзушылықтар саны 8,8 мың адамды құраған.

«Халықаралық валюта қорының салық сарапшылары өткізілген кездесулердің нәтижелері бойынша, салық және кедендік бақылауды жүргізу үшін мінез-құлық факторлары негізінде салық төлеушілерді іріктеу кезінде тәуекелдерді басқару әдістерін белсенді қолданатын ретінде МКК бақылау функцияларына баға берді.Атап айтқанда, ағымдағы жылдың 9 айының қорытындысы бойынша бақылау нәтижесінде бюджетке 165 млрд теңге сомасында түсімдер қамтамасыз етілді, бұл өткен жылдың сәйкес кезеңінен 59 млрд теңгеге немесе 55,2% -ға артық», – дейді баспасөз қызметі.

## МЕМЛЕКЕТТІК ҚОРҒАНЫСТЫҚ ТАПСЫРЫС КОМИТЕТІ ҚҰРЫЛДЫ

**Қазақстанның Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінде (ИИДМ) мемлекеттік қорғаныстық тапсырыс комитеті құрылды. Бұл туралы нормативтік-құқықтық актілердің сайтында хабарланды.**

«Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің Мемлекеттік қорғаныстық тапсырыс комитеті құрылсын», – делінген хабарламада.

Жаңа комитет ҚР Қарулы Күштерімен, басқа да әскерлер мен әскери құралымдармен, қорғаныс өнеркәсібі саласындағы ҚР-ның арнаулы мемлекеттік және құқық қорғау органдарымен өзара іс-қимыл жасайды.

Сонымен қатар, Мемлекеттік қорғаныстық тапсырыс комитеті монополияға қарсы органмен келісе отырып әскери мақсаттағы тауарларға, қосарланған тауарларға баға белгілеу ережелерін әзірлейді. Комитет отандық тауар өндірушілердің тізімін жасайды, бюджет қаражаты тапсырыс алушының бюджетінде көзделген жағдайларды қоспағанда, мемлекеттік қорғаныстық тапсырыстың орындаушысын таңдауды жүзеге асырады.

Айта кетейік, Қазақстанның ИИДМ-де бес комитет бар: Автомобиль жолдары комитеті, Азаматтық авиация комитеті, Индустриялық даму және өнеркәсіптік қауіпсіздік комитеті, Көлік комитеті, Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері комитеті.

# СТЕПЛАГ МҰРАЛАРЫ – МӘСКЕУ МУЗЕЙІНДЕ

*(Соңы. Басы 1-бетте)*

Елшілік кеңесшісі Жанар Еділбекқызы Қазақстанның Төтенше және Өкілетті елшісі Иманғали Нұрғалиұлының музей жұмысына ризашылығы мен сәттілік тілеген лебізін жеткізді. Экспедиция жетекшісі Артем Макарович Степлаг орнына зерттеу жүргізулеріне қолдау мен көмектерін көрсеткен Қазақстанның билік органдарына, Қарағанды облысының мәдениет, архив және құжаттамалар басқармасына, сондай-ақ, «Қазақмыс» корпорациясы, «Транко» серіктестігі сияқты бизнес құрылымдарына алғысын білдірді. Бізге арнап зерттеу материалдарының брошюралары мен арнайы альбомын тапсырды.

***– Раушан Оңқонысқызы, осы шараға өзіңнің қатысуыңа Ресейдегі елшіміз Иманғали Тасмағанбетов себепші болыпты дегенді естіп едік. Осы сөз қаншалықты рас?***

– Иә, шынында солай. Иманғали Нұрғалиұлының: «Степлаг орналасқан аймақтағы музей басшысының өзі осы шараға қатысуы керек» деп, тікелей пәрмен беруінің нәтижесінде осындай керемет мүмкіндік туындады. Тұсаукесер соңында елшілікке барып, ол кісінің қабылдауында болуымның сәті түсті. Шынайы ризашылығымды білдірдім. Иманғали Нұрғалиұлы әңгімесін ең әуелі: «Жезқазған халқының жағдайы қалай?» деген сауалдан бастады. Жезқазған моноқала емес, еліміздегі алдыңғы қатарлы қалалардың бірі болатындай мүмкіндігі бар еді деген ойын да айтып өтті. Облыс әкімі Қажымұрат Нағыманов болып тұрған кезінде қаламызға келгенін, біздің музейде болғанын еске алды. Туризмді дамыту мақсатында Степлагты біртұтас кешенге айналдыру қажеттігін айтып, бұл мәселеге өзі де қозғау салатынын жеткізді. Ресейде мәдениетке, оның ішінде музейге өте жақсы көңіл бөлінетінін атап өтті. Мәселен, оларда біздегідей музейге келетін оқушыларға алақан жайғандай ақша жинау жоқ көрінеді. Білім департаменті жыл басында тиісті бюджетін белгілеп, мәдениет департаментіне оқушылардың музейлерге экскурсиясы үшін қаржысын аударып қояды екен. Жалпы ол кісі мәдениет, білім, тіл жөнінде әсерлі де ашық пікірлерін білдіріп, елге сәлемін айтты. Елшілікте Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаевтың музейін аралап, тамашалау мүмкіндігіне ие болдым.

Ресей еліне сапар шегіп, сол жақта бірнеше күн аялдау едәуір қаражатты керек ететіні белгілі. Осы орайда, ортақ іске жанашырлық танытып, демеуші болған азаматтардың есімін үлкен ризашылықпен атағым келеді. «Nur Otan» партиясының «Қазақмыс» корпорациясы» ЖШС жанындағы Қарағанды филиалы төрағасының бірінші орынбасары Бауыржан Қабденұлы Шыңғысовқа, ҚХА мүшесі, Қарағанды облыстық мәслихатының депутаты, облыстық Қоғамдық келісім кеңесінің төрағасы, «Алтын жүрек» сыйлығының иегері, меценат Бекзат Қомарұлы Алтынбековке шынайы алғысымды білдіремін.

***– Шыны керек, баспасөз беттерінде ара-тұра көтеріліп жүргенімен, біздің мәдениет органдары қуғын-сүргіннің қым-қуыт ізі жатқан құнды мұраларды жете бағалап ескермеді. Қилы тағдырды еске салатын Степлагтың қалқиған қабырғалары мен***



***кейбір белгілерін Ресей жағы алып кеткісі келеді дейді. Бұл жөнінде бір шешім жасалды ма?***

– Ондай әңгімелер болған. Тұтқындар қолымен салынған декоративтік безендіру жүйелерін қамтитын қабырғалар мен темір есікті сұрап алғысы келген-тін. «Иесіздікке ұшырап, қаңырап босқа жатыр ғой, біз ГУЛАГ музейіне құнды жәдігер ретінде қояр едік» дейді. Біз бұл мәселені облыстық мәдениет басқармасына жеткіздік. Содан кейін бұл мәселе басқаша бетбұрыс алды. Осы жазда Тарихи-мәдени мұраларды қорғау орталығы Степлаг орнын есепке алып, тиісті төлқұжат жасады. Қазір бұл жер мемлекеттің қорғауына алынды. Соған орай енді қоршау жасалып, басқа да жұмыстар жүргізілмекші. Болашақта бұл ескерткіш орнын туризмді дамытудың бір бағыты ретінде қалыптастыру міндеті алда тұр.

***– Әңгімеңізге рахмет. Сәтті сапарлар мен сүйінішті істеріңіз көп болсын!***

**Амандық РАХҰЛЫ**

# «САРЫАРҚА және АЛТЫН ОРДА: УАҚЫТ пен КЕҢІСТІК»

***атты халықаралық ғылыми конференция Жезқазғанда жалғасты***

**Қарағанды облысы әкімдігі бастамасымен Қарағанды облысы мәдениет, архивтер және құжатнама басқармасы, облыстық тарихи-өлкетану музейі, Қожа Ахмет Яссауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, Еуразия ғылыми зерттеу институты, Қазақстан Республикасының Ұлттық музейі, Павлодар мемлекеттік педагогикалық университеті жанындағы «Margulan center» орталығы ұйымдастырған «Сарыарқа және Алтын Орда: уақыт пен кеңістік» атты Алтын Орданың 750 жылдығына арналған халықаралық ғылыми конференция Қарағанды қаласында өткен «Ұлы дала жауһарлары» көрмесімен басталды.**



Одан әрі мемлекет және қоғам қайраткері, «Қазақстанның киелі жерлері географиясы» жобасының жетекшісі Берік Әбдіғали мен тарих ғылымдарының кандидаты, доцент, Қазақ Ұлттық аграрлық университеті «Рухани жаңғыру» гуманитарлық зерттеулер орталығының жетекші ғылыми қызметкері Нұрлан Атығаев және Павлодар мемлекеттік педагогикалық университеті жанындағы «Margulan center» орталығының директоры Тимур Смағұловтың модераторлығымен әлемнің әр түрлі елдерінен келген тарихшы ғалымдар баяндамаларын таныстырды. Конференция бағдарламасының келесі бөлімі далалық семинар болды. Семинар нәтижесінде конференция қонақтары Ұлытау-Жезқазған аймағына жол тартып, Жұбан ана кесенесі, Теректі әулие петроглифтері, Алаша хан, Жошы хан кесенелері мен Домбауыл кешеніне саяхат жасады. Қонақтардың мысты шаһарға сапары Ө.А.Байқоңыров атындағы Жезқазған университетінде өткен Алтын Орда тарихына қатысты ғылыми басылымдардың тұсаукесер рәсімімен қорытыланды.

Университеттің № 2 оқу корпусындағы Ө.А.Байқоңыров атындағы акт залында өткен шараға жиынға PhD, Қ.А.Яссауи атындағы халықаралық қазақ-түрік университеті, Еуразия ғылыми зерттеу институтының директоры Вакур Сумер, PhD, Назарбаев университетінің қазақ тілі және түркология кафедрасының профессоры Юлай Шамильоглы, Қарағанды облысы мәдениет, архивтер және құжатнама басқармасының басшысы Еркебұлан Ағымбаев, тарих ғылымдарының докторы, профессор Нұрлан Кенжеахмет және археолог, PhD, Қазақстан Республикасы Ұлттық музейі директорының ғылыми жұмыстар жөніндегі орынбасары Айбар Қасеналин қатысты.

– Ғылыми конференцияда отыз сегіз баяндама қорғалды. Оның ішінде Алтын Орда тарихына байланысты ұйымдастырылған археологиялық жұмыстарға генетикалық және ДНҚ сараптамалық зерттеу жүргізген ғалымдар да бар. Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың өзі Жошы хан мен Алтын Орда тарихын тереңірек зерттеуге тапсырма берген болатын. Осыған орай, қазіргі таңда қарқынды жұмыстар жүргізілуде. Антропологиялық зерттеулер нәтижесінде алдағы уақытта Жошы хан мен Болған ананың шынайы бет-бейнесін анықтайтын боламыз, – деді өз сөзінде Еркебұлан Ағымбаев.

Одан әрі шара қонақтары конференция материалдары негізінде дайындалған «Сарыарқа және Алтын Орда: уақыт пен кеңістік» және Германияның Бонн университетінің оқытушысы Нұрлан Кенжеахметтің картография мен архивтік деректер негізінде жарық көрген «Тоқмақ» кітабының тұсаукесер лентасын қиып, естелікке суретке түсті.

**Ақниет ТАҒЫБЕРГЕН**
*Суреттерді түсірген*
**Ғалия ӘБДІҒАППАРОВА**

# «7-20-25» – БАСПАНАЛЫ БОЛ

**Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың әлеуметтік жаңғыруға бағытталған бес әлеуметтік бастамасы негізінде қолға алынған мемлекеттік «7-20-25» бағдарламасының талаптары мен шарттарын түсіндіру бойынша өткен республикалық акцияға жезқазғандық екінші деңгейлі банктер де үн қосты. Кездесуді «Nur Otan» партиясының Жезқазған қалалық филиалы ұйымдастырды.**



Кең көлемдегі акцияға банк қызметкерлерімен қатар қалалық әділет басқармасы бастығының м.а. Құсайын Ағыбаев пен қалалық құрылыс бөлімінің маманы Сая Камалова қатысты. Кеңес алуға келген қала тұрғындарына «Банк Центр Кредит», «Қазақстан Халық банкі» мен «Тұрғын үй жинақ банкі» мамандары мемлекеттік бағдарлама шеңберінде ипотекалық үйге қолжеткізудің талаптарын кеңінен түсіндірді.

– Бүгінгі таңда «Қазақстан Халық банкі» арқылы 4 жезқазғандық отбасы баспаналы болды. Олардың үшеуі Жезқазғаннан пәтер алса, біреуі елордадан сатып алды. Міне, бағдарламаның ерекшелігі де осы. Тұрғындар еліміздің қалаған өңірінен ипотекалық тұрғын үй алу мүмкіндігіне ие, – деп сөзін бастаған «Қазақстан Халық банкі» АҚ Жезқазған филиалының бөлшек бизнес орталығы басшысы Айшуақ Макашев бағдарламаға қатысу үшін тұрғындардың қолында баспананың 20 пайызы көлемінде алғашқы жарнасы болуы қажеттігін айтты.

Жалпы алғанда «7-20-25» бағдарламасының шарттары да қарапайым халыққа өте ыңғайлы екенін айта кеткен жөн. Несие өсімінің мөлшерлемесі өзге банктердегідей 15-20 пайыз емес, жылына 7 пайыздан аспайды. Сонымен қатар, кейбір банктер бастапқы жарнаға баспана құнының 30 кейде тіпті 50 пайызын салуды талап етсе, бұл бағдарлама бойынша ол 20 пайыз жеткілікті. Несие алушының ай сайынғы төлемін азайту мақсатында оның мерзімі 10-15 емес, 25 жылға дейін ұзартылған. Ипотекалық бағдарламаға кез келген тұрақты жұмысы бар қазақстандық қатыса алады. Дегенмен, қатысушының атына тіркелген баспанасы болмауы шарт. Және де несие тарихы барынша «таза» болу керек. Ал, балалары мен жұбайының атында баспана бар болса, ол ипотека алуға кедергі келтірмейді. Азаматтарға осы бағдарлама арқылы алған ипотекасын 25 жылға созбай, ерте жауып тастауға мүмкіндік берілген. Және де несиені ерте төлеп тастаған жағдайда ешқандай айыппұл салынбайды.

Бағдарламаның осы және өзге де талаптарын егжей-тегжейлі таныстырған банк қызметкерлері баспаналы болуды мақсат еткен қала тұрғындарын банк бөлімшелерінде күтеді.

**Бота ШАЛҚАР**

ҮШТІЛДІЛІК – КЕМЕЛДІК БАСТАУЫ

# «ӨЗГЕ ТІЛДІҢ БӘРІН БІЛ!»

**Атақты ақын, ұлтымыздың біртуар азаматтарының бірі Қадыр ағаның сонау кеңестік замандағы жазған «Ана тілің – арың бұл, Ұятың боп тұр бетте. Өзге тілдің бәрін біл, Өз тіліңді құрметте!» дейтін өлең жолдары күні бүгінге дейін маңызын жоғалтқан емес. Неге?**

Өйткені, ақын өзінің сөзін ең алдымен ана тілін ұмытқан қазақ баласына арнайды. «Ана тілің – арың» дегенді батыл айтуға ол кезде екінің бірінің тәуекелі бара бермейтін. Қадыр аға соны айтып отыр. Сол арқылы қоғамның сол тұстағы басты кеселін де көзге шұқығандай, қолға ұстатқандай көрсетіп отыр. Ана тілін білмеудің – ұят екенін ұлттың есіне салады. Бұдан артық қандай ащы ақиқат керек. Ал, бұл мәселе қазір өз шешімін тапты ма? Әрине, кешегі кеңес заманына қарағанда қазақ тілінің қазіргі жағдайы көш ілгері озық. Бірақ, түйткілдер де жоқ емес. Ұрпағының орысша сөйлегенін «мәртебе» санайтындар арамызда әлі де жеткілікті. Күні кеше ғана фейсбуктен елге танымал әнші Алтынай Жорабаеваны үйіндегілердің туған күнімен құттықтап жатқан бейнетаспасын көзім шалып қалды. Ағылшындатып әндетіп келген балалар, шамасы қыздары болса керек, одан әрі орысшалап құттықтап, өзара да сол тілде сөйлесіп жатты. Қағазға құттықтауды да орекеңдердің тілінде түсіріпті. Демек, Алтынайдың балалары орысша тәрбиеленіп келеді деген сөз. Бұл бір ғана мысал. Осындайда ақынның «Өзге тілдің бәрін білгенмен, өз тіліңді құрметте!» дегені еске түсе ме, түспей ме? түседі, әрине. Халықтың көзалдында жүрген тұлғаларға жүктелетін жауапкершілік жүгі тіпті, орасан екенін де сөз арасында айта кетейік.

Бұрын «қос тіл – қос қанатың» десек, қазіргі кезде билік тарапынан қоғамға ең кемі үш тілді меңгеру ұсынылды. Біздегі бұрыннан қалыптасқан науқаншылдық, айғайшылдық, билік айтса болды, алды -артымызға қарамай ұрандатып шаба жөнелуге даяр тұратын «ләппайшыл» шенеуніктер Елбасы Н.Назарбаевтың осы бір тамаша бастамасынан елді бездіріп жібере жаздады. «Тіл үйреткеннің жөні осы екен» деп, балабақшаға дейін ағылшын тілін оқытуды енгізді. Кейбір пәндерді ағылшын тілінде оқытуға «көштік». Мұндай ауажайылушылыққа елдің қазіргі Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев билік басына келгеннен соң ғана нүкте қойылды. Және ол кісі өзінің ең алғашқы сұхбаттарында «қазақ тіліне басымдық берілетіндігін» жариялады. Бұл мемлекеттік тілдің ертеңіне деген сенімді нығайтты. Ағылшын тілін оқытуды да бастауыш сыныптарда емес, сәл кейінірек бастау жолдарын зерделеу қажеттігін де айтты. ҚР білім және ғылым министрі жақында ғана бұдан былай балабақшаларда ағылшын тілін оқытудың тоқталатындығын мәлімдеді. Демек, бұл мәселедегі келеңсіздіктер жойылып келеді. Жалпы үштілділіктің түпкі мақсаты қандай? Үш тілде оқытудың негізгі мақсаты – бірнеше тілді меңгерген, әлеуметтік және кәсіптік анықтауға қабілетті мәдениетті тұлғаны дамыту және қалыптастыру. Үштілдік туралы Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев 2007 жылғы «Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан» атты Жолдауында: «Қазақстан бүкіл әлемде халқы үш тілді пайдаланатын жоғары білімді ел ретінде танылуға тиіс. Бұлар: қазақ тілі – мемлекеттік тіл, орыс тілі – ұлтаралық қатынас тілі және ағылшын тілі – жаһандық экономикаға ойдағыдай кірігу тілі» деген болатын. Яғни, үштілділік туралы айта бастағанымызға да он жылдан аса уақыт өткен екен. Осы мерзімде біз бұл орайда біршама тәжірибе жинақтадық. Кейінгі кезде жүйелілікке көше бастадық. Қазіргі заманда кімнің білімі озық болса, әлем соған қарайтыны анық. Тіл білу сол білімді меңгерудің алғышарты. Сондықтан, көп тіл білуге байланысты ешқандай қарсылық болуға тиісті емес. Бұл орайда тағы да ақын сөзіне үңілейікші, не дейді екен? «Өзге тілдің бәрін біл!» дейді. Нақ осы сөзге шүйілгетіндер «Неге өзге тілдің бәрін біліп, өз тілін тек құрметтеуі ғана керек?» деген сын айтады. Мұны қазақы тілмен айтқанда, тырнақ астынан кір іздеу демеске амалы жоқ. Өйткені, «өз тіліңді құрметте» деген сөздің астарында «ең алдымен өзіңнің ана тіліңді меңгер» деген сөз жатқан жоқ па? Сондықтан, тек үштілді ғана емес, мүмкіндігі болса, «Өзге тілдің бәрін біл!» десе де, қазіргі уақытқа сондай жарасымды болмақ. Өйткені, бірнеше тілді меңгеру арқылы жас ұрпақ білім кеңістігінде еркін самғап, әлемдік ғылым құпияларына үңіліп, өз қабілетін танытуына мүмкіндік алады. Әлемдік өркениеттен өз орнын іздеген елдің перзенті болсаң, көп тіл білмекке ұмтыл. Уақыттың талабын түсінгеннің бұл сөзге келіспеуі мүмкін емес.

**Асқар АЛТАЙ**
*Сәтбаев қаласы*

ПРЕЗИДЕНТ ЖОЛДАУЫ: сенімге – серпін!

# БАСЫМ БАҒЫТТАРДЫ БЕЛГІЛЕДІ

**Сот жүйесі мен заңнаманы реформалау бөлігінде мемлекет басшысының «Сындарлы қоғамдық диалог – Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі» атты Қазақстан халқына Жолдауын түсіндіру мақсатында Жезқазған қалалық сотында дөңгелек үстел ұйымдастырылды.**




Qazaqstan Respýblikasy Prezidentiniń joldaýy

Кездесуге Жезқазған қалалық сотының судьясы Гүлсара Байгенжинова, Жанар Агедилова, Жезқазған қаласы прокуратурасының прокуроры Гүлім Әбдікәрімова, Жезқазған аймағы бойынша ауданаралық сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл басқармасының аса маңызды істер жөніндегі аға тергеушісі Жантаза Бекенов, қалалық полиция басқармасы басшысының орынбасары Құрманғазы Баялинов, Әділет басқармасы басшысының м.а. Кұсайын Ағыбаев, тіркеу және жер кадастр бөлімінің басшысы Наурыз Тілеубаев қатысты.

Шара барысында судья Гүлсара Байгенжинова мемлекет басшысының Жолдауы Қазақстанның әрі қарай дамуының басымдықтарын айқындайтын құжат екенін атап өтіп, мемлекеттік органдардың алдына қойылған мақсаттар мен міндеттерді түсіндірді.

«Халық үніне құлақ асатын мемлекет құру» тұжырымдамасы мемлекеттік органдарға үлкен жауапкершілік жүктеп отыр. Осы ретте дөңгелек үстел басына жиналғандар тұрғындардың құқық қорғау органдарына деген сенімін күшейту, мемлекеттік қызметке қатысты арыз-шағымдарды болдырмаудың жолдарын қарастырды. Орган көмегіне жүгінген азаматтарды сергелдеңге салмай, сөзбұйдаға, бюрократизмге жол бермеу қажеттігі айтылды. Құсайын Ағыбаев Әділет басқармасы мен тіркеу және жер кадастр бөлімінің бөлінуіне байланысты сұрау салу мен сот актілерінің адрестік жолдануын сұрады.

Сонымен қатар, кездесу барысында Жолдаудың сот жүйесі мен заңнаманы реформалауға, білім беру, денсаулық сақтау, қазақстандықтардың өмір сүру сапасы мен деңгейін жақсартуға қатысты негізгі бағыттары талқыланды. Жезқазған қаласы прокуратурасының прокуроры Гүлім Әбдікәрімова Президент Жолдауы – дамудың, игіліктің, әл-ауқаттың негізгі құндылықтарына негізделгенін алға тартты.

**Жезқазған қалалық сотының баспасөз қызметі**

# МІНДЕТТЕРДІ ОРЫНДАУҒА ӘЗІР

**Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Сындарлы қоғамдық диалог – Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі» атты қазақстандықтарға Жолдауын толығырақ түсіндіріп, кеңінен насихаттау мақсатында құрылған ақпарттық-түсіндіру тобының өкілдері Жезқазған қалалық полиция басқармасы қызметкерлерімен де кездесу ұйымдастырды. Кезекті кездесу жиынына Жезқазған қаласы ішкі саясат бөлімінің бас маманы Әсем Жұмағұлова, Жезқазған бизнес және көлік колледжінің оқытушысы, тарихшы Надежда Дисекенова мен Жезқазған аймақтық «Saryarqa» газетінің бас редакторы Дархан Мұхан спикерлік етті.**



Qazaqstan Respýblikasy Prezidentiniń joldaýy

Ел Президенті өз Жолдауында «Сот және құқық қорғау жүйесіндегі күрделі реформалар – азаматтарымыздың құқықтарын қорғаудың және олардың қауіпсіздігін күшеутудің негізгі факторы» деп атап өткен-ді. Кездесуге қатысқан спикерлер де Жолдаудың азаматтар сұранысына жауап беретін мемлекеттік аппарат құру, басқару жүйесінің тиімділігін арттыру тұрғысындағы міндеттеріне кеңінен тоқталды.

Тарихшы Н. Дисекенова Жолдауда ел дамуының барлық саласы қамтылып, қордаланған мәселелерді шешудің тиімді тетіктері қарастырылғанын жеткізді.

– Бұл Жолдаудың бір ерекешлігі ретінде қоғамда бар проблемаларды, кемшіліктердің орын алып жатқанының ашық көрсетілгенін атап өтуге болады. Мемлекет басшысы бюджет қаржысын тиімді жұмсау, билік органдарының халықпен байланысына қатысты көптеген мәселе көтерді, – деді Н. Дисекенова.

Осы мәселеге орай халықты құқық қорғау орындары қызметкерлеріне деген көзқарасы, тұрғындар мүддесін қорғауға арналған шаралар, сыбайлас жемқорлықпен күрес жұмыстарына тоқталған Д.Мұхан полиция қызметкерлеріне Президент зор міндеттер жүктегенін еске салды.

Сондай-ақ, кездесу барысында қоғамдық келісімді нығайту, жер ресурстарын тиімді пайдалану, салық жүйесі сапасын арттыру, әлеуеттік көмек көрсету жүйесін дамыту, жергілікті билік органдары жұмысының тиімділігін арттыру, тұрғын үй саясаты, бейбіт митингтерге рұхсат беру сынды мәселелер қарастырылып, басқарма қызметкерлері толғандырған мәселелерге қатысты сауалдарына жауап алды.

**Ақниет ТАҒЫБЕРГЕН**

АШЫҚ ЕСІК КҮНІ

# ӘЛЕУМЕТТІК КӨМЕК – ҚОЛЖЕТІМДІ



**Жыл басынан бастау алған мемлекеттік мекеме басшылары мен мамандарының қатысуымен өтетін бірыңғай ашық есік күні қайта жалғасты. Қала тұрғындары өздерін мазалаған сұрақтарға енді әр аптаның бейсенбісінде сағат 15:00-ден 17:00-ге дейін Халықтар достығы мен мәдениеті үйінің екінші қабатында ұйымдастырылатын кездесуден жауап ала алады.**

– Ашық есік күнін ұйымдастырудағы басты мақсат – билік пен халық арасында байланыс орната отырып, тұрғындарды толғандырған мәселелерді шешуге атсалысу. Бүгінгі танда қай мемлекеттік органды алып қарамасақ та ол халыққа жақын, ашық әрі қолжетімді. Жезқазғандықтар жедел желіге хабарласып немесе әлеуметтік желілердегі парақшалар арқылы өз сауалына нақты жауап ала алады. Дегенмен, тұрғындардың бәрі бірдей ғаламтор желісін пайдалана бермейтінін ескеріп, кездесулер өткізуді жөн көрдік, – деген қала басшысының орынбасары Зина Ақылбекова да ашық есік күніне қатысты.

Кеңес сұрай келген тұрғындардың басым көпшілігі көп балалы аналар. Олар қалалық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі мамандарының көмегіне жүгінді.

– Атаулы әлеуметтік көмектің жаңа түрі енгізілді дегенді естідік. Қашаннан бастап біздер қаржылай көмекпен қатар гигиеналық, азық-түлік сынды себеттерді ала бастаймыз?, – деп сұрақ жолдаған Жаннұр есімді көп балалы анаға жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі басшысының орынбасары Сәуле Тұтқышева:

– Көп балалы отбасылардың әл-ауқатын арттыру мақсатында Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі атаулы әлеуметтік көмекті берудің қолданыстағы жүйесін өзгертетін заң жобасын әзірледі. Осыған байланысты енді атаулы әлеуметтік көмекті көпбалалы отбасы құрамындағы балаларға, табысқа қарамастан ала алады. Көпбалалы отбасыларға берілетін жаңа мемлекеттік жәрдемақыны отбасы балаларының санына қарай 42500 теңгеден 73 мың теңгеге дейін сараланған АЕК-ке еселенген мөлшерде белгілеу ұсынылды. Сондай-ақ, көп балалы отбасын қолдаудың өзге де түрлері қарастырылғаны белгілі. Алайда, әзірге сіз осыншама көлемде мемлекеттік жәрдемақы аласыз деп кесіп айту қиындау, Заң жобасы келер жылы күшіне енетіндіктен 2020 жылдың 1 қаңтарынан бастап жаңа мемлекеттік жәрдемақы төленетін болады, – деп түсіндірді. Сонымен қатар, көп балалы аналар қоғамдық көлікте тегін жол жүру билетін кейбір бағыттағы автобус жүргізушілері мойындамайтынын айтып шағымданды. Қалалық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің басшысы Ләйлә Әлкебаеваның айтуынша, көк кітапшасы мен жолда жүру билеті бар аналар жыл соңына дейін қоғамдық көлікте тегін жүре алады. Жүгенсіз жүргізушілер жайында дереу әкімдікке немесе бағыт иесіне хабарлау ұсынылды.

Қазіргі таңда 714 жезқазғандық отбасы атаулы әлеуметтік көмек алып отыр. Оның бір адам басына шаққандағы көлемі ай сайын 20799 теңгені құрайды. Аталған көмек 3306 адамды қамтып отыр. 826 анаға тегін жол жүру билеті берілген.

Ашық есік күнінде сонымен қатар мемлекет меншігіндегі жер учаскілерін жалға алу, балабақшаға кезекке тұру тәртібі мен жеке кәсіпкерлікті қолдау, міндетті әлеуметтік медициналық сақтандырудың реті жөнінде мамандар тереңірек түсіндірді.

**Диана ОРАЗАЛИНА**
*Суреттерді түсірген*
**Ғалия ӘБДІҒАППАРОВА**

# ДАМУДЫҢ ЖАҢА КЕЗЕҢІ

**«Рухани жаңғыру» жобалық кеңесінің бас менеджері Бақытқали Мұсабеков бастаған ақпараттық-насихаттау тобы мемлекеттік қызметкерлермен жолығып, ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Сындарлы қоғамдық диалог – Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі» атты Жолдауының басым бағыттарын талқыға салды.**



Qazaqstan Respýblikasy Prezidentiniń joldaýy

– Қасым-Жомарт Кемелұлы алғашқы Жолдауында халықты толғандырған мәселелерді дөп басып, барлық саланы қамтығанын айта кетпеске болмас. Жолдауда көрініс тапқан әрбір міндет ел мүддесін қорғап, жарқын болашаққа жетелейтіні анық. Халық пен билік арасында тығыз қарым-қатынас орнатудан басталған межелер халықтың әл-ауқатын көтеріп, тұрмысын жақсарту, жұмыспен қамту, ауылдарды дамыту, өндірісті өркендету, ел болашағы жастарды қолдау сынды бағыттармен жалғаса береді. Аталған межелерді бағындырып, Тәуелсіздігімізді сақтап, мемлекеттігімізді нығайту үшін бізге бастысы бірлік қажет. Жасырын емес, небәрі ширек ғасырдың мұғдарында Қазақстан әлемді мойындата білді. Бұған сұқтана қарағандар ел тұтастығына қол салуды бастады, ел арасына іріткі салды. Міне, бүгін біз, яғни Қазақстан халқы аталмыш сын-қатерлерге төтеп бере отырып, жарқын болашаққа бет алуымыз қажет, – деп сөзін бастаған Бақытқали Мұхамедқалиұлы Жолдау жүктеген әр міндетке жеке-жеке тоқталды.

Президент өзінің Жолдауында «Білім экономикасы», еңбек өнімділігін арттыру, инновацияны дамыту, жасанды интеллекті жаһандық дамудың негізгі факторларына айналғанын атап көрсетті. Және шикізатқа байланған менталитеттен бас тартып, экономиканы әртараптандыру, агроөнеркәсіп кешені мен өңдеу өнеркәсібін мейлінше дамыту қажеттігін алға тартты. Жолдауда білім беру, құқық қорғау, денсаулық сақтау және халықты әлеуметтік қорғау мәселелеріне де ерекше көңіл бөлінген. Президенттің Жолдауында көтерілген мәселелердің барлығы маңызды. Дегенмен, соның ішінде қазақ тілінің мәртебесін мемлекеттіктен халықаралық деңгейге көтеру ұсынысы көпті қуантқаны рас. Осы ретте баяндамашы мұндай дәрежеге жету үшін біз жұмыла жұмыс жүргізуіміз керектігін айтты да елімізді жаңа даму кезеңіне бастайтын Жолдау міндеттерін орындауға атсалысуға шақырды. Мемлекет басшысы келер жылы аталып өтетін елеулі оқиғаларға, нақтырақ айтқанда әл-Фарабидің 1150, Абай Құнанбайұлының 175 жылдық мерейтойларын ысырапшылдыққа жол бермей атап өтуді тапсырған болатын. Ұлы ғұламалардың еңбектеріне тоқталғанды жөн санаған Бақытқали Мұсабеков Абай өлеңдерінен үзінді келтіріп, жиналғандарға ой салды. Сонымен қатар, қазақ халқының өшпес мұрасы шешендік өнердің бүгіні мен ертеңіне шолу жасады.

**Диана ОРАЗАЛИНА**

# АЙҚЫН БАҒДАР




**Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Сындарлы қоғамдық диалог – Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі» атты Қазақстан халқына Жолдауын насихаттап, кеңінен түсіндіру мақсатында Қарағанды облысы тұрғындары үшін арнайы ақпараттық-түсіндіру тобы құрылған болатын. Қоғам қайраткері, абайтанушы, сазгер, Қазақстан Республикасы Журналистер одағының мүшесі, Қарағанды облысының «Рухани жаңғыру» жобалық кеңсесінің бас менеджері Бақытқали Мұсабеков пен «Қарағанды облысы жастар мен балалар ұйымдарының одағы» жастар қоғамдық бірлестігінің төрағасы Жомарт Әбіш жетекшілік еткен түсіндіру тобы біздің қаламызға да атбасын тіреді.**

Qazaqstan Respýblikasy Prezidentiniń joldaýy

Алдымен Қ.И.Сәтбаев атындағы №7 мектеп-лицейінің оқушыларымен кездескен олар, сөз басында Елбасының «Рухани жаңғыру» бағдарламасына да тоқталып, оның негізгі мән-мақсаты және бүгінде атқарылған шаруалар жайын да тізбектеп өтті.

– Еліміз тәуелсіздік алғанда көптен күткен азаттығымыздың баянды болатынына көп адам сенбеді. Уақыт өте экономикамыз түзеліп, әлеуетіміз қалыпқа келді. Содан соң Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев «Қазақстан-2030» Стратегиялық бағдарламасын қабылдады. Аталмыш бағдарлама негізінде жемісті жұмыстар атқарылып, әлемдегі алғашқы елу елдің қатарына қосылдық. Артынша «Қазақстан-2050» бағдарламасы дүниеге келді. Ел астанасы Нұр-Сұлтанның төрінде дүниежүзілік түрлі іс-шаралар мен жиындар өтті. Міне, бұл – Тұңғыш Президентіміздің көреген саясатының көрінісі. Одан әрі ел тарихындағы екінші Президент Қасым-Жомарт Тоқаев билікке келді. Қазақстан халқының Президентке артып отырған сенімі зор. Оның осыдан екі ай бұрын жарияланған Жолдаудың ел көкейінде жүрген көптеген түйткілді мәселелерді шешуге себеп болары сөзсіз. Ол үшін біз, яғни, барша қазақстандық өз қолдауымызды білдіруіміз керек. Біз сонда ғана Мәңгілік Ел боламыз, – деді өз сөзінде Бақытқали Мұсабеков. Сондай-ақ, ол ағылшындардың премьер-министрі Уинстон Черчиллдің өзі таңғалып, қошемет білдірген Қаныш Сәтбаевтың есімін иеленген білім шаңырағына қонақ болғандығын зор мәртебе санайтындығын атап өтіп, мектеп оқушыларына ақ тілегін жаудырды.

Ө.А.Байқоңыров атындағы Жезқазған университеті базасымен де толығырақ танысқан ақпараттық-түсіндіру тобы университеттің № 2 оқу ғимаратында студент жастармен кездесу ұйымдастырды. Кездесуге Жезқазған қаласы ішкі саясат бөлімінің басшысы Мереке Батырбекова мен Жезқазған қалалық жастар ресурстық орталығының директоры Ботакөз Мұхиденова да қатысты. Жиын барысында Жолдауда айтылған саяси партияларға мүмкіндік беру, Ұлттық комиссия жұмысын қайта жандандыру, халықпен тиімді кері байланыс орнату сынды мәселелер талқыланды. Және де жиын барысында мемлекеттен әлеуметтік көмек алу шараларындағы шикіліктер туралы да сөз етілді. «Армандау керек және арманды мақсатқа айналдыра білу керек!» деген Бақытқали Мұсабеков университет жастарына көшбасшы болу, мемлекеттік қызметте көшбасшылық қасиет таныту жолдары туралы өз кеңестерімен бөлісті. Сондай-ақ, келер жылмен тұспа-тұс келген Әбу Насыр әл-Фарабидің 1150 жылдығы мен Абай Құнанбайұлының 175 жылдығын еске салған Жомарт Әбіш университет жастарына өткен мен бүгіннің сабақтастығынан сыр шертіп, осы оқиғаларға байланысты оларды белсенді болуға шақырды.

Одан әрі ақпараттық түсіндіру тобының өкілдері С.Сейфуллин атындағы кітапханада болып, кітапхана ұжымы және оқырмандарымен сырлы сұхбат құрды. Жезқазғандықтарды Президент Жолдауымен толығырақ таныстыруды мақсат еткен Бақытқали Мұсабеков пен Жомарт Әбіштің мысты шаһар төсіндегі кездесуі Білім және инновация лицейінде өз мәресіне жетті.

**Ақниет ТАҒЫБЕРГЕН**

# МЕДИЦИНАЛЫҚ САҚТАНДЫРУ ЖҮЙЕСІН ТҮСІНДІРДІ

**Қала тұрғындарын 2020 жылдың 1 қаңтарынан бастап жаңа өзгерістер негізінде іске қосылатын міндетті әлеуметтік-медициналық сақтандыру жүйесі туралы толық ақпаратпен қамтамасыз ету мақсатында дәрігерлер Күлзипа Көшімбаева мен Әдиша Әбділда «ҚазТранОйл» АҚ Жезқазған мұнай құбыры басқармасы жұмысшыларымен кездесті.**



ӘЛЕУМЕТТІК МЕДИЦИНАЛЫҚ САҚТАНДЫРУ ҚОРЫ

Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру – барша Қазақстан Республикасы тұрғындарына көрсетілетін мемлекеттік көмек. Келер жылдың қаңтарынан бастап барша қазақстандық жедел жәрдем, санитарлық авиация, алғашқы медициналық санитарлық көмек, шұғыл және жоспарлы стационарды алмастыратын және стационарлық көмек, паллиативтік көмек, консультативтік-диагностикалық көмек түрлерін тегін алу мүмкіндігіне ие болып отыр. Сондай-ақ, туберкулез, ЖИТС, созылмалы вирусты гепатиттер мен бауыр циррозы, қатерлі ісіктер, қант диабеті, психикалық бұзылулар мен мінез-құлық ауытқулары, церебралды сал ауруы, миокард инфаркті, ревматизм, дәнекер тіндердің жүйелі зақымдануы, жүйке жүйесінің дегенеративті аурулары, орталық жүйке жүйесінің демиелинизмді аурулары, орфандық ауруларға шалдыққан науқастарға арнайы стационарлық көмек көрсетіледі. Бұлардың қатарында жұқпалы аурулардың барлық түрі қарастырылған. Сондай-ақ, ел азаматтарының қалтасына ауырлық түсіретін компьютерлік томография, магниттік-резонанстық томография сынды тексеріс түрлері тегін болады. Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесі негізінде балалар, мүмкіндігі шектеулі жандар мен көп балалы аналар жылына бір рет профилактикалық алдын алу тексерулерінен өту мен стоматологиялық көмектерге де тегін қол жеткізе алады. Салалық мамандардың қабылдауы тегін медициналық көмектің кепілдендірілген көлеміне кірмейді.

Балалар, жұмыссыз ретінде ресми тіркелген тұрғындар, жұмыс істемейтін жүкті әйелдер, үш жасқа толмаған бала тәрбиесімен айналысатын жұмыс істемейтін азаматтар, бала туу немесе жаңа туған сәбиді асырап алуға байланысты, баласы үш жасқа толғанша демалыс алған тұрғындар, зейнеткерлер, оның ішінде, Ұлы Отан соғысы ардагерлері, сот үкімі бойынша қылмыстық атқару мекемелерінде, тергеу изоляторларында жазасын өтеушілер, жұмыссыз оралмандар, «Алтын алқа», «Күміс алқа» алқаларымен немесе бұрын «Батыр ана», І және ІІ дәрежелі «Ана даңқы» ордендерімен марапатталған көп балалы аналар, мүмкіндігі шектеулі жандар, орта, кәсіптік техникалық, орта білімнен кейінгі, жоғары білім беру, жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында ішкі бөлімде білім алушылар, бала кезінен І топтағы мүгедекке күтім жасаушы тұлғалар мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмекті пайдалануда жеңілдіктерге ие азаматтар санатын құрайды. Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек Қазақстан Республикасы бюджет заңнамасында айқындалған тәртіпке сай әр айдың алғашқы бес жұмыс күні ішінде төленіп отырады.

– Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандырудың жаңа жүйесі негізінде тұрғындар қалтасына салмақ түсіретін медициналық қызметтер үшін шығындар азаяды және медициналық көмектің сапасы жақсарады. Жаңа медициналық жоба негізінде Қарағанды облысы тәжірибелік аймаққа еніп отыр. Бұл – облыс тұрғындары үшін өте тиімді, – деген Күлзипа Көшімбаева мекеме жұмысшыларын толғандырған сұрақтарға да жауап берді.

Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандырудың жаңа жүйесінің қолданысқа енуімен денсаулық сақтау саласы қызметкерлерінің жалақысы да 30 %-ға көбейеді. Аталмыш көмек туралы толығырақ ақпараттарды отбасылық дәрігерлік амбулаториядан, 1406 бірыңғай байланыс орталығынан, fms.kz сайтынан және әлеуметтік желілердегі арнайы парақшалардан білуге болады.

**Ақниет ТАҒЫБЕРГЕН**

# ТИІМДІ ТЕТІК

**Емделушілерді оңалту және қалпына келтіру пилоттық жобасы шеңберінде Қарағанды клиникаларына 393,290 млн теңге бөлінді. Бір ай ішінде медициналық қызметтің осы түріне кезек жылжыды, өйткені ауруханалар оңалтуды күндізгі стационарға енгізді. 2020 жылдан бастап медициналық сақтандыру жүйесін енгізумен қазақстандықтар емханаларда, тіпті үйінде қосымша емдік дене шынықтыру (ЕДШ), физиоемдеу және т.б. оңалту емдерін ала алады.**

ӘЛЕУМЕТТІК МЕДИЦИНАЛЫҚ САҚТАНДЫРУ ҚОРЫ

Балқаш қаласының тұрғыны Несіпбала Ахметбековаға ағымдағы жылдың маусым айында жамбас буынын ауыстыру операциясы жасалды. Зейнеткерге операция жасау үшін Мақажанов атындағы клиниканың дәрігерлері Балқаш қаласына барды. Күзде науқас қарағандылық дәрігерлердің қарауына оңалту емі үшін келді. Әдетте аталған емді алу үшін емделушілер үш айлап кезек күтеті. Ал бұл жолы науқас небәрі үш күннің ішінде дәрігердің нұсқауы бойынша оңалту емін ала бастады. күтуге тура келді. Бұл медициналық сақтандыруды енгізудің пилоттық жобасы аясында облыстық клиникада оңалту үшін ашылған күндізгі стационардың арқасында мүмкін болып отыр.

– Дәрігердің қабылдауында болдым, ол оңалту емін тағайындады, барлық құжаттарды тез ресімдеді. Мен бірнеше күн бойы барлық процедураларды қабылдап жатырмын. Содан кейін үйге барамын. Әрине, ұзақ күтудің қажеті жоқ екендігі өте қолайлы», – деді Несіпбала Ахметбекова.

Қарағанды тұрғыны Лилия Аниськоға осы жылдың тамыз айында ортан жілік мойны сынғаннан кейін шұғыл ота жасалды. Оған жамбас буынын ауыстыру бойынша операция жасалды, эндопротез қойылды. Екі айдан кейін әйел оңалтудан өтіп жатыр.

– Дәрігердің тағайындауынан кейін келесі күні мен оңалтудан өте бастадым. Бүгін жетінші күн – нәтижелер жақсы. Отадан кейін тек екі ай ғана өтті, сүйемелдеумен емес, жүргіштермен де емес, мен тек таяқшамен жүремін – деп толықтырды Лилия Анисько.

Травматология және ортопедия бөлімшесіндегі күндізгі стационардың қосымша төсектері қыркүйек айында медициналық сақтандыруды енгізудің пилоттық жобасы аясында ашылды. Медициналық сақтандырудың пилоттық режимі кезінде бұл көмекті 29 пациент алды.

Мақажанов атындағы клиникаға медициналық сақтандыруды енгізудің пилоттық жобасы аясында пациенттерді оңалтуға 74,753 млн теңге бөлінді. Облыс бойынша ауруханалар мен клиникаларға осы көмек түріне медициналық сақтандыру Қорынан 393 млн теңгеден астам қаржы бөлінді. Қосымша қаражат жаңа «Тұлпар» орталығы алды, онда миокард инфарктісін бастан кешкен пациенттер оңалтудан өтетін болады, сонымен қатар «Луч» нейрореабилитациялық орталығына да қаражат бөлінді.

«Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыруды (ММС) енгізумен бізде ересек тұрғындардың да, балалардың да оңалту және қалпына келтіру еміне көбірек көңіл бөлу мүмкіндігі пайда болады. Келесі жылға медициналық оңалту және қалпына келтіру емінің бюджеті шамамен 5 есеге артады, бұл халыққа көмектің осы түрінің қолжетімділігін қамтамасыз етуге, емдеуге жатқызу бюросы порталында кезектілікті төмендетуге мүмкіндік береді. Бұдан басқа, оңалту амбулаториялық-емханалық деңгейде, соның ішінде үйде де қолжетімді болады» – деп толықтырды «Әлеуметтік медициналық сақтандыру Қоры» КЕАҚ Қарағанды филиалының директоры Фазыл Копобаев.

**Жанар РАКИШЕВА,**
**«Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры» КЕАҚ Қарағанды филиалының халықты ақпараттандыру бөлімінің бас эксперті**

# ҮЗДІКТЕР САПЫНДА



**Өткен аптада Афина атты итімен бірге Жезқазған қаласында болған аса ауыр қылмысты ашуға қатысқан 6505 әскери бөлімі 8-атқыштар ротасының кинологы, ефрейтор Алмат Ахметжановқа қызметтестері құрмет көрсетті.**

Халықтар достығы мен мәдениеті үйінде өткен шараның шымылдығын түрген Жезқазған қаласы полиция басқармасы басшысының орынбасары полиция полковнигі Исатай Көшжанов тәртіп сақшыларына көмекке келіп, қылмыстың ізін суытпай ашуға атсалысқан Алматқа ризашылығын білдіріп, қызметтік-жауынгерлік әрекеттеріндегі жоғары көрсеткіштері мен белсенділігі, әскери борышын адал орындағаны үшін мадақтама тапсырды. Ал, ефрейтордың бойына жинақталған ізгі қасиеттерін тізген командирі Ғабит Нұрәлиев өз ротасы әріптесін мақтан тұтатынын айтып, естелік сыйлық тапсырды. Афина да ескерусіз қалмады, оған ойын добын сыйлады.

Алматтың әріптестері патриоттық әндерден шашу шашып, асыл ерді туып, тәрбиелеген анасы Нұрбикеш апай мен жары Гүлімге құрмет көрсетті.

Алмат Сейдрахманұлы Ахметжанов Отан алдындағы борышын өтеу үшін мерзімді әскери қызметке шақырылып, өмірін әскери қызметпен байланыстырған. Өйткені, бұл оның бала күнгі арманы еді. Негізгі мамандығы – программист. Бүгінде қызметте абыройлы азамат – Аяла мен Аят есімді ұл-қыздың әкесі.

Ғаламтор желісіндегі сайттар жарыса жазып, «хит» болған ит Афинаны Алмат 2018 жылдан бері сенімді серігі етті. Өйткені дәл осы жылы ол ұлттық ұландағы қызметінде кинология бөліміне ауысуға ниет танытты.

– Біздің кинологтарға сержант Мұрат Байтенов жетекшілік етеді. Менен басқа тағы кинолог мамандар бар. Кинология саласына төселіп кетуім де олардың еңбегі зор. Осы сәтті пайдаланып, сержант Әбілхайыр Мұрсалимов пен ефрейтор Самат Саминнің де осы тектес қылмыстарды ашуға қосқаны қомақты екенін айтқым келеді. Олардың қарамағындағы иттер де жоғалған адамды іздеуге, ұры-қарыларды ұстауға, есірткі заттарын табуға бірнеше мәрте жұмылдырылды. Жақсы нәтиже көрсетті, – деген Алматтан ит баптаудың қыр-сырымен бөлісуді сұрадық.

– Жалпы, итті қазақ халқы ықылым заманнан жеті қазынаның біріне балап, адамның досына теңеген. Оның мағынасын енді түсінгендеймін. Итті төрт аяқты хайуан дегенімізбен ол адам баласы секілді бәрін түсінеді. Дөрекілікті көтермейді. Жылы сөйлегенді ұнатады, еркелеткенді жақсы көреді. Бір сөзбен айтқанда ит балаша баптағанды талап етеді. Афина менің үшінші балам секілді (күледі). Оған күнделікті көңіл бөлуім қажет. Тіпті, түнде де оларды жалғыз қалдырмауымыз қажет. Сондықтан бізде кезекшілік бар. Белгіленген күн тәртібіне сәйкес иттерді серуендетеміз, жуындырып, тамақтандырамыз, ойнатып, демалдандырамыз, жаттықтырамыз. Біздегі иттердің бәрі тінту, іздеу, құтқару, күзету сынды тапсырмаларға үйретілген. Сонымен қоса, «отыр», «жат», «әпер» деген сыңайлы командаларды орындай алады. Иттерді жыл бойына дәрігердің қарауына апарып, қажетті деген екпелерін салдыртамыз. Жыл мезгіліне байланысты попон, шұлық сияқты арнайы киімдерін кигіземіз. Қауіпті тапсырма жүктелгенде міндетті түрде қорғау кеудешесін тағамыз. Және оның тамағын қатаң қадағалаймыз. Тамағы дәруменмен байытылған болуы тиіс. Өзге иттер секілді олар шикі етті жей алмайды. Өйткені, пісірілмеген етте микробтар көп, – дейді.

Кинолог мамандар көп жағдайда овчарка мен лабрадор тұқымдас иттерді таңдайтын көрінеді. Өйткені, олардың із кесушілік қабілеті жоғары, иіссіш әрі тез үйренгіш. Ал



жарылғыш затты іздеуге иттің кез келген түрін жаттықтыруға болады екен. Алматтың Афинасының тұқымы – шығыс еуропалық овчарка. Оның жасы – бесте. Айналасындағылар оны еркелетіп «Джесика» атайды. Ал, Афина оның құжаттағы аты. Иә, сіз қалыс естімедіңіз. Афинаның жеке басын куәландыратын құжаты бар.

– Иттің із кесушілік қабілетін шыңдау бірнеше жылды қажет етеді. Сондықтан, кинологтар оларды күшік кезінен бақылап, үйретеді. Иттің жасы сегізге келгенде оның қабілеті төмендейді. Афинаның оған әлі үш жылы бар. Осы уақыттың ішінде бірталай қылмыстардың бетін ашып, алдын кесетініне сенім мол, – деген Алмат Ахметжанов жақын күндері кинология саласындағы біліктілігін арттырмақ.

– Кинолог болу үшін иттің анатомиясын, физиологиясын, психологиясын терең түсініп, оның ауруларына ем іздеп, дұрыс тамақтандыра білу керек. Мінекей, бір қарағанда оп-оңай көрінетін мамандықтың қызығымен қатар осындай қиындығы бар. Дегенмен, шыдамдылық пен төзімділіктің арқасында бұны жеңуге болады. Қазір кинолог мамандары біздің елге ауадай қажет. Сондықтан, қызығушылығы бар жастарды осы мамандықты меңгеруге шақырамын, – деген Алматтың патриоттығы мен қызметіне адалдығы көпке үлгі.

**Диана ОРАЗАЛИНА**
*Суреттерді түсірген*
**Ғалия ӘБДІҒАППАРОВА**

ЖАС МАМАН

# ТӨРТ ТҮЛІКТІҢ АМАНДЫҒЫН ОЙЛАҒАН

**Қай елдің болсын тұрмысын төрт түліксіз елестету мүмкін емес. Оның ішінде қазақ халқы үшін мал шаруашылығы – ата кәсіп. «Төрт құбылада – төрт түлік» деп бағалаған дана халқымыз малдың қадір-қасиетін «мінсең көлік, жесең азық, ішсең сусын, кисең киім» деген бірауыз сөзбен жеткізген. Дей тұрғанмен, жыл өткен сайын а отар-отар қой мен үйір-үйір жылқы ұстап, малды мыңғырту қиынға соғуда. Шем-шөптің қымбаттауы мен ұры-қарылардың көбеюінен бөлек, түрлі кеселдер тағы бар. Ал, оны емдейтін, мал басын аман алып қалатын мамандар тапшы.**

Соңғы жылдары ветеринарлардың жетіспейтіндігі биік мінберлерден де айтыла бастады. Мәселені шешудің жолдары да қарастырылып, ұсынылды. Оның ең тиімдісі мемлекеттік «Дипломмен – ауылға» бағдарламасы деп танылды. 2012 жылдан бастап аталмыш бағдарлама аясында мұғалім, дәрігерлер мен мәдениет саласы қызметкерлерімен қатар агроөнеркәсіптік кешен мамандарына да көтерме жәрдемақы мен баспана алу үшін несие беріле бастады. Осылайша, маман тапшылығы түбегейлі жойылмаса да, жағдай біршама жақсара түсті. Ресми мәліметтерге сүйенсек жыл сайын еліміз бойынша 500-600 жас ве¬теринар мамандығын бітіріп, қолына диплом алатын көрінеді. Соның 15-20 %-ы ғана ауылға барады екен. Жастардың ауылға бармауының себебін көпшілік айлықтың аздығымен байланыстырады. Ал, жезқазғандық Бекболат Жолтай бұл пікірмен келіспейді.

– «Бас екеу болмай, мал екеу болмайды» демекші, отбасымның несібесі үшін еңбек етудемін. Шүкір, табысым жақсы. Көзін тапса, жұмыстың дені ауылда. Ветеринария мамандығы бойынша оқуымды бітіріп, қазір малдың жайын қараймын. Болашақта өз жеке шаруашылығымды ашып, жылқы өсіргім келеді. Бүгінде өз арманыма жетуге сәл-ақ қалды, – деп әңгімесін бастаған Бекболатқа бала күннен ауылдың иісі жақын-тын. Оны әкесі жанынан бір елі тастамай қорға да, далаға да ертетін. Содан болар Бекболат жастайынан малдың жайын біліп өсті. Есейе келе әкесі мен шешесі ілім алып, білім қусын деген мақсатпен оны Жезқазғандағы №13 орта мектепке оқуға әкеледі. Каникулды тағатсыздана күткен жеткіншек демалыс берілісімен туған жері Қоскөлді бетке алатын. Ауылдың ауасын аңсаған ол қозы-лағын, құлынын сағынатын. Малды өріске жаю, қой-ешкіні қырқу, «құрттау» сияқты жұмыстарды жауапкершілікпен атқара жүрген Бекболатқа мамандық таңдайтын да кез келді. Сонда ол бірден ветеринар боламын деп шешті.

– Мал дәрігері болуды кейбіреулер сәннен қалған деп менсінбей, мұрын шүйіретінін білем. Дегенмен, бұл – сұранысқа ие мамандықтардың бірі. «Өлмейтін» мамандық десе де болады. Ауылдық жердегі мал шаруашылығын былай қойғанда, қалада ит, мысық, тотықұс пен өзге де кемірушілерді асырайтындар мал дәрігерлік емханаға жиі жүгінеді. Мал дәрігерлікті тәмамдағандар мал дәрігерлік дәріханада, зертханада, емханада, мал шаруашылығында, кеденде, хайуанаттар бағында және азық-түлік базарларында жұмыс істей алады. Ал, сәнді деген мамандықтарды игерген заңгер, қаржыгер достарымның ішінде екі қолға бір күрек таппай жүргендері мен басқа саладан нәпақа тауып жүргендер бар, – деген Бекболат жастар қай мамандықты таңдаса да жүректің қалауына жүгінсе дейді. Шынында да, қай істі болсын үлкен ықыласпен бастағанда ғана берекелі болмақ.

**Анықтама үшін:**

*«Дипломмен ауылға» жобасын жүзеге асыру кезеңінде 60 мыңнан астам маманға 7,4 млрд теңге көлемінде көтерме жәрдемақы және 27,5 мыңнан астам маманға тұрғын үй сатып алуға 70,6 млрд теңге бюджеттік несие берілді.*

*2019 жылы елімізде 7 176 маман көтерме жәрдемақы және 3 908 маман тұрғын үй алуға несие алады. 2019 жылғы 1 шілдедегі жағдай бойынша 5172 маманға 100 АЕК көлемінде көтерме жәрдемақы төленіп, 2 527 маманға тұрғын үй алуға 9,1 млрд теңгеге көлемінде несие берілді. Салалар тұрғысынан алғанда, келген мамандардың жалпы санынан 42 745 адам (71,2%) білім беру саласында, 12 705 (21,2%) денсаулық сақтау саласында, 1 604 (2,7%) – мәдениет, 863 (1, 4%) спорт, әлеуметтік қамсыздандыру саласында – 483 (0,8%) және агроөнеркәсіптік кешенде – 1665 (2,8%) адам жұмыс істейді.*

*Жезқазған қаласында 2009 жылдан бері 44 маманға көтерме жәрдемақы төленіп, 10 маманға тұрғын үй сатып алуға төменгі пайыз мөлшерлемесімен несие рәсімделді. Қолдау тапқан мамандардың басым көпшілігі білім саласында қызмет етеді. Атап айтқанда, «Дипломмен ауылға» бағдарламасына қатысқан 44 жезқазғандықтың 37-і мұғалім мен тәрбиешілер, екеуі мәдениет саласының қызметкері болса, қалғаны агроөнеркәсіп саласына тиесілі. Биыл 6 маманға көтерме жәрдемақы төленіп, 4 маманға үй сатып алу үшін 1500 АЕК көлемінде несие берілді.*

Қарқаралы ауыл шаруашылық колледжіндегі оқуын тәмамдай салысымен жас маман еңбек жолын қалалық ветеринариялық инспекциядан бастайды. Одан кейін қалалық зертханада еңбектене жүріп, білімін толыстырады. Сүйікті ісіне енді ғана төселіп, теориялық білімін іс жүзінде қолдана бастаған оны Отан алдындағы борышын өтеуге шақырады. Әскерге алынбаудың амалын іздеген көптің бірі болмаған ол ұлттық ұлан сапында әскери борышын абыроймен атқарып келеді де Жезқазған қаласының ветеринариялық стансасында еңбек жолын жалғастырады.

– Бір жыл үзілістен кейін алғашқы уақытта қиын болды. Теорияны жеткілікті оқып білсек те, тәжірибе әлі де аздық етті. Мені бірден мал шаруашылығы өркен жайған Талап, Кеңгір мен Малшыбай ауылдарына ветфельдшер қызметіне тағайындады. Соның үлкен көмегі тиген шығар. Көп ұзамай ауыл тұрғындарының маған деген сенімі арта түсті. Қазір қарауымда 30 мың ірі қара, 12 мың жылқы мен ұсақ мал бар. Ауру айтып келмейді. Әсіресе, көктемде малдың ауру-сырқауы көбейеді. Көтерем, әлсіз ірілі-ұсақты малдың төлдеуі де осы мезгілде басталады. Малды сырғалау, егіп-емдеу науқанында жұмысымыз таңғы 6-дан басталып, түн ортасына дейін жалғасады. Малдан қан алу жылына екі рет жүргізіледі. Яғни, ветеринария мамандары төл далаға шыққан уақытта және даладан қораға қамалған кезде оның жұқпалы аурулары бар-жоғын тексереді. Одан бөлек, жоспарға сәйкес барлық малды сібір жарасы, құтырма, пастереллез, қарасан, тағы басқа жұқпалы ауруларға қарсы егу, мал санағын жүргізу, оны бірдейлендіру мен дерек қорға енгізу сынды міндеттеріміз бар. Сонымен қатар, жеке шақыртуларға барып, ақсаған, уланған, мастит ауруы бар малдарды емдеп жазамыз. Қора-қопсыларды залалсыздандырамыз. Апталап үй көрмеуіміз бар, берілген жоспарды 100 пайыз орындауға тырысамыз. Бір Кеңгір селосының өзінде 72 қыстақ бар. Олардың бір-бірінен алшақтығы 100 шақырымға дейін жетеді, – деп жұмысының жайымен таныстырған Бекболат дәл осы мамандықты игергендігіне еш өкінбейді. Қайта мамандығы өмірден өз орны мен бақытын табуға септескен екен. Аяна есімді тәтті қыз сыйлаған өмірлік жары Гүлзатты да сүйікті жұмысында жолықтырған. Ветеринариялық санитар қызметіндегі жары да – жоғары білімді маман.



– Жезқазған аймағындағы мал шаруашылығының амандығы мен саулығына жауапты қалалық ветеринариялық стансаға жетекшілік ететін Сергей Қуанышғалиев пен мал дәрігерлері Әсет Мақажанов, Ерлан Мейірхановтан көпті үйрендім. Менің ел алғысын арқалаған маман атануымда олардың үлесі мол, – деген Бекболат Жолтай биыл «Дипломмен ауылға» бағдарламасы шеңберінде көтерме жәрдемақы алған. Ауылды өркендетуде қосар үлесі бар жастарға көрсетілетін зор қолдаудың барын алға тартқан ол қатарластарын ауылдық жерде еңбектенуден қашпауға шақырады.

– «Ауылдан адам көшкенмен, адамнан ауыл көшпейді» демекші, біздің тамырымыз ауылда. Соңғы жылдары ауылдың тыныс-тіршілігі бәсеңдеп, даму қарқыны төмендегені белгілі. Дегенмен, қазір жағдай көп өзгерген. Ауылды дамытуға мемлекет тарапынан көп көңіл бөлініп жатыр. Ендігі жерде біздер қарап қалмай, үлес қосуымыз қажет. Әркім өз туған жерінің жағдайын жақсартуға себепкер болуы тиіс, – деген Бекболаттың белсенді өмірлік ұстанымы бар.

Орыстың атақты ғалымы, ветеринария саласының негізін қалаушы академик Константин Скрябиннің «Адам дәрігері адамды емдесе, мал дәрігері бүкіл адамзатты емдейді» деген сөзі өз маңызын ешқашан жоймайды. Өйткені, адам ауру¬ларының 70-80 пайызы мал және одан алынған өнімдерден беріледі екен. Сондықтан да оның алдын алатын мамандарға деген сұраныс артпаса кемімек емес. Ендеше, мамандық таңдаудың алдында тұрған түлектер ветеринария мамандықтарына көз жүгіртсе дейміз. Ал, бүгінде жас болса да кәсіби білікті маман атанған Бекболат Жолтайға ел дамуы жолындағы еңбегіне табыс тілейміз.

**Диана ОРАЗАЛИНА**

# ПОЛИГЛОТ БАЙБОЛ

**«Көп жасағаннан емес, көп көргеннен сұра» дейді дана халқымыз. XXI ғасыр ғылым-білімнің заманы екенін ескерсек, бәсекеге қабілетті, өз-өзіне сенімді, еңбекқор жастар ғана көш басынан табылары сөзсіз. Біздің қаламызда да үштұғырлылық саясатын берік ұстанып, биік белестерді бағындырып жүрген жастар аз емес. «Бір тіл білсең – бір адамсың, екі тіл білсең – екі адамсың» деген қағиданы ерте жасынан бойына сіңірген жастардың бірі – Байбол АШУ. Ө.А.Байқоңыров атындағы Жезқазған университетінде IV курста білім алып жатқан Байбол – бүгінде алты тілде еркін меңгерген полиглот.**

– Мен Солтүстік Қазақстан облысында қарапайым қазақ отбасында дүниеге келдім. Менің отбасымда барлығы қазақша сөйлейді, біз бір-бірімізбен тек қазақша сөйлесеміз. Бірақ, өкінішке орай, солтүстік өңірде, әсіресе Петропавл аймағында тұрғындардың басым бөлігі орыс тілінде сөйлейді. Бастауыш сыныпта оқып жүрген маған орысша үйрену керек болды. Өйткені бірге оқитын достарымның барлығы орыс тілінде сөйлейтін. Осылай мен олармен қарым-қатынас барысында орыс тілін үйрене бастадым. Он үш жасымда орыс тілінде қатесіз, анық түрде сөйлесе алатын дәрежеге жеттім. Жетінші сыныпта Петропавл қазақ-түрік лицейі, қазіргі білім-инновация мектебіне түстім. Ауылда қарапайым мектепте білім алып, мал бағып, отын тасып жүрген мен үшін бұл орта мүлде бөлек болып көрінді. Шынымды айтсам, бұл мектепке оқуға қабылданған сәттен бастап менің бүкіл өмірімді өзгерді, – дейді Байбол.

«Аталмыш оқу ордасының сенің өміріңе қандай әсері болды?» деген сұраққа Байбол:

– Білім-инновация лицейінде «аға» деген ұғым бар. Біз түсінбеген жерлерімізді сұрап, үй тапсырмаларын жасауға көмектесетін тәрбиешіні осылай атаймыз. Мен басқа тәрбиешілерге қарағанда бір «ағаны» ерекше жақсы көріп, құрметтедім. Өзімнен бес-ақ жас үлкен I курстың студентін мен ұстаздарымнан артық сыйлап, үлгі тұттым. Оның білімі, өз-өзін ұстауы мектеп оқушыларының бәрін дерлік таңқалдыратын. Мен онымен жақынырақ араласуға тырыстым. Сөйтіп, бірде оның Жезқазған қаласының тумасы екендігін білдім. 11-сыныптан соң Ұлттық бірыңғай тестілеу сынағын тапсырдым. Жоғары балл жинадым. Заңгер болғым келді. Сөйтіп оқу орындарына іріктеу жасадым. Мен бір жағынан өзім үлгі еткен әлгі тәрбиеші ағай сынды мектепте қалғым келді. Сөйтіп,




мектеп басшылығымен сөйлесіп, өз ойымды жеткіздім. Олар маған білім-инновация лицейі бар қалалардың тізімін беріп, қалаған жеріме жіберетіндіктерін айтты. Мен тізімнен Жезқазған қаласын көріп, қуана осы қаланы белгіледім. Бір жағынан бұл қала маған ұнайтын, екінші жағынан өзіме қамқор болған бала күнгі жезқазғандық тәрбиешімнің алдындағы қарызымды өтегім келді. Міне, сол мақсатпен мен Ө.А.Байқоңыров атындағы Жезқазған университетіне заңгер мамандығына құжат тапсырдым. Қосымша лицейде жұмыс істедім. Бастапқыда, әрине, қиыншылықтар болды. Алыстағы Жезқазғанда менің ешқандай танысым да, туысым да болған жоқ. Уақыт өте келе ол қиыншылықтардың бәрі бір мезеттік екендігіне көзім жетті. Оқуымды да, жұмысымды да қатар алып жүрдім. Оқушыларымның ата-аналары да мені өз балаларындай жақсы көрді. Олар тіпті мен ауырған сәтте дәрілерін алып келіп, қамқорлық танытатын, – деп Жезқазғанға келген сәттерін күліп еске алды.

«Алты тілді қалай үйрендің? Тіл үйренудің тиімді әдіс-тәсілдері бар ма?» деген сұраққа Байбол:

– Жоғарыда айтып кеткенімдей, мен лицейге ана тілім мен орыс тілін толық меңгеріп бардым. Одан әрі лицейдің білім жүйесіне сай ағылшын тілі мен түрік тілі де қатар үйретілді. Бізге өте білікті тіл мамандары сабақ берді. Олар үйреткен сапалы білім арқасында мен ағылшыншамды белгілі дәрежеде жетілдіріп алдым және түрікшені нөлден бастап үйрендім. Ал бесінші, алтыншы меңгерген тілдерім – француз және корей тілдері. Бұл тілдерді мен өз бетімше үйрендім. Жезқазғанға келгеннен кейін бір жыл бойы шет тілдерін үйренудің тиімді әдістемелерімен таныстым. Тіл



үйрену – ол формула жаттау емес. Әркімнің қабілеті, әркімнің қабылдауы әр түрлі болады. Біреу көру арқылы, біреу жазу, біреу есту, ал келесі біреу сөйлесу арқылы тез қабылдауы мүмкін. Осы арқылы мен өзіме сараптама жасап, тиімді деп санаған әдіс-тәсілдермен жұмыс жасай бастадым. Француз тілін бала күннен үйренгім келді. Маған француз әдебиеті, мәдениеті өте қатты ұнайтын. Сол арқылы жайлап французша үйрендім. Француз кітаптарын, телебағдарламаларын өз бетімше түсініп, әлеуметтік желі арқылы французша сөйлейтін адамдармен еркін араласа бастадым. Бұл менің тіл үйренуге деген құштарлығымды еселей түсті. Биыл жазда француз тілі бойынша емтихан тапсырып, C1 дәрежелі сертификатқа қол жеткіздім. Бұл сертификатпен мен шетел мемлекеттерінің магистратурасына түсе аламын. Мен білетін тілдердің көбі – еуропалық тілдер екен. Маған «Экзотикалық тілдерді неге үйренбеске?» деген ой келді. Қытай, жапон, араб сынды шығыс халықтарының тілдеріне зерттеу жүргізіп көрдім. Соңында маған корей тілі жеңілірек болып көрінді. Міне, бүгінде корей тілін де жетілдіріп жатырмын.

Байбол көп тіл білу альцгеймер ауруынан сақтайтын бірден-бір таптырмас амал екенін айтады. Көп тілді меңгерген полиглот жігіт ізденімпаздығы мен еңбекқорлығының арқасында түрлі ғылыми конференцияларға қатысып, шетелден достар тауып та үлгерген. Ол Біріккен Ұлттар Ұйымы ұйымдастырған ғылыми конференцияда «Үздік делегат» номинациясын, республикалық «Студент және ғылым» ғылыми конференциясында I орынды, трилингвизм олимпиадасында II орынды иеленген. Тіл үйренуге ниетті барлық жандарға Байбол мықты репититор іздеп, оған ақша шығындаудың қажеті жоғын алға тартады. Әлемнің ең үздік деген тіл мамандарының сабағын ғаламтор желісі арқылы оп-оңай тауып алып, үйренуге болады деп кеңес берді ол. Стивен Кауфман, Лука Лампериоли, Дмитрий Петров сынды полиглоттардың кітаптарын оқу арқылы білімін жетілдірген Байбол оқуын тәмамдаған соң Франция немесе Канада мемлекеттеріне барып білімін жалғастырғысы келеді. Болашағын дипломатиямен байланыстырғысы келген Байболдың биіктен көрінеріне бізде сенеміз. Абай айтқан бес асыл қасиетті бойына жинаған жігітке еліміз үлкен үміт артады.

**Ақниет ТАҒЫБЕРГЕН**

ЖЕЗҚАЗҒАН ТЕЛЕДИДАРЫНА 60 ЖЫЛ

# ҚЫЗЫҒЫ МОЛ 16 ЖЫЛ

***(Телеарнаның 30 жылдығында жазылған естелік)***



Теледизиялық журналистиканың әліппесін үйренуді мен 1963 жылы бастадым. Бұл кез Жезқазған телевизиясы студиясының жаңа қаз басып тұрып келе жатқан кезеңі болатын-ды. Мен алғашқы жылдарда жаңалықтар жасайтын редактор болдым. Газет редакциясынан келіп алғашқы естіген титр, субтитр, заставка, киносюжет, сценарий деген ұғымдарға үйренуге, оның мәнісін түсінудің өзіне көп уақытым кетті десе де болады.

Ал, хабар жүргізілетін павилионға тұңғыш кіргендегі әсерімді айтып жеткізу мүмкін емес. Әрқайсысы аспандағы айдың көлеміндей, күндей шақырайған ондаған электр шамдарын, әртұстан жыпылықтап тұрған көгілдір экрандарды көргенде бейнебір ертегі әлеміне сүңгігендей күй кешіп жүрдім.

Қойшы, сонымен телевизиялық жаңалықтар жасауға кірісіп кеттік. Ол кезде қазіргідей техника-жабдық жоқ. Ақ-қара түсті таспаға киносюжет түсіретін бірер кинокамера ғана бар. Дыбыс пен бейнежазу болады екен дегенді естіген де емеспіз.

Күнде жазуын мен жазамын, тасқа басуын Төлеу басады, кешке эфирде оқуын Шұға оқиды. Осы екі арада режиссер, оның ассистенті мен көмекшісі дегендермен, кинооператорлармен, фототілшімен кездесеміз, керісеміз, келісеміз...

Әйтеуір күн қырғатпай кешкі сағат жетіде телевизиялық жаңалықтар әр үйдің төріндегі сыр сандықтан сайрайды да тұрады.

Осылайша талай күн, талай жыл өтті. Бір кезде газетші болып қалыптасқан бейбақ басым енді бүтіндей тележурналистікке бейімделе берді.

Біркүндері қоғамдық-саяси хабарлар редакциясының аға редакторы болып тағайындалдым да, осы орында тапжылмастан он жылдан аса қызмет атқардым. Творчествалық коллективтің күш біріктіруімен жасалатын «Жез қазғандар», «Ауыл – дала дидары», «Сарыарқа кештері» деген тележурналдардың талай саны көрермендер назарына ұсынылды. Ара-арасында қазақша-орысша аралас хабарлар да беріліп жүрді. Ол кезде орталық, республикалық, тіпті облыстық телевизия хабарларының Жезқзағанға жетпеген кезі ғой, жаңалықтарда халықаралық тақырыптағы киносюжеттерді жиі пайдаланамыз (ол почтамен жеткізіледі) және арнайы апталық халықаралық шолу ұйымдастыруды жолға қойдық.

1973 жылғы наурызда Жезқазған облысы шаңырақ көтерді, мен де көтерілдім – облыстық телестудияның бас редакторлығына тағайындалдым. Сол кездерде қызметтес болған Сұлтан Жылқыбаев, Бекен Абайдуллаев, Файзолла Қабылов, Нұрмахан Өзбеков, Шамхан Рахметов, Жүрсін Ерманов сияқты редакторлар, Әсия, Сара, Аманжол, Жанбау сияқты режиссерлар, тағы басқа толып жатқан қыз-жігіттердің өсу-өркендеу кезеңдері, қуаныш-сүйiнiштерi қазір де менің жадымда.

1976-1986 жылдар аралығында мен облыстық газет редакторының орынбасары болып істеп, мәнәйі себеппен 1987 жылдың басында телевизия студиясына қайта оралдым. Ол коллективім мені он жылдан кейін де ыстық ықыласпен қарсы алды.

Осы жерде сонау 1976 жылғы қазан айында редакцияға шығарып саларда телевизиялық әріптестерім шығарған мына бір өлең жолдары еріксіз езу тартқызады:

Ашуыңды ақылыңа жеңгізген,
Летучкаға қойдай санап енгізген.
Сапекем-ау, көзің қиып қалайша,
Басқа жаққа кетіп қалдың сен бізден?

Деме бізге көздің жасын ағызба,
Өзің едің біздер үшін нағыз бақ.
Жұмысқа да келуші-ек қой сен үшін,
Таң атпастан, күнде сағат тоғызда.

Біз әлі де өзің құрған «шайкамыз»,
Өзің жайлы енді естелік айтамыз.
Санамызға сен сіңірген әдетпен,
Жұмыстан да әлі алтыда қайтамыз.

Бақыт бізге бетін тура бұрғандай,
Келеміз де, кетеміз де ұрланбай.
Ерте қайтсақ терезеңе қараймыз,
Желкемізден өзің қарап тұрғандай.

Ұзын-ұрғасымен 16 жыл саналы ғұмырымды телевизиялық журналистика саласына арнаппын. Осының әр жылы қуанышты әрі мазмұнды өтті. Бүгінгі мүшел той үстінде сүйікті коллективіме, оның әрбір мүшесіне абырой, бақыт, табыс тілеймін.

**Сапабек МЫРЗАТОВ,**
**КСРО Журналистер одағының мүшесі**

# БҰЛ ҮЛКЕН ҚУАНЫШ ЕДІ...

***(Телеарнаның 30 жылдығында жазылған естелік)***




Ол кезде мен Жезқазған қалалық партия комитетінде нұсқаушы болып жүр едім. Сол мезгілдегі бірінші хатшымыз Зәкіров жолдас мені өзіне шақырып алды. Ол кісі әңгімесінде қалада телевизия студиясын ашу жөнінде бірсыпыра әңгіме бастады:

– «Сіз бірсыпыра уақыт Алматы, Қарағанды радио комитеттерінде істеген екенсіз. Телестудияның жұмысы сол радионың жұмысымен байланысты деп отырмыз. Сондықтан сізді біз осы ашылатын телестудияға аға редактор етіп жіберейік деген пікірге келдік». Мен ол кісінің сөзін қолдау отырып, «партия жолдама берсе әрине барамын» дедім.

Сөйтіп, 1960 жылдың маусым айынан бастап істей бастадық. Басында 13-14 адам болдық. Творчествалық жұмысты бір қазақ, екі орыс редакторлары болып атқардық. Республикалық радиокомитет режиссер, операторлар жіберді. Сөйтіп жұмысымызды екі тілде соңғы хабарлардан бастадық. Келе-келе көркем фильмдер де көрсетіле бастады. Үйлеріне телевизор кіргенде қала халқының қуанышында шек болмады. Кейбіреулері «ой, шіркін-ай, үйде шай ішіп отырып, мынадай жақсылықты көреміз деп ойлап па едік» десті. Бірте-бірте редакторлар, режиссерлар топтары көбейіп, тіпті өз күшімізбен ойын-сауық спектакльдер көрсете бастадық. Онымен қатар өндіріс, еңбек адамдары, Ұлы Отан соғысы ардагерлері мен партия, совет адамдары да телевизиядан сөйлейтін болды. Әлі есімде, студиямыздың тұңғыш қонақтарының бірі Қаныш ағайдың болғаны. Ол кісі студияға келгенде қуанышын білдіріп, бізге «бұл өте жақсы болған екен. Әсіресе, кеншілер, құрылысшылар үшін үлкен қуаныш қой» деді.

Бұл қуанышымызға Москва және Алматы хабарларын көруіміз халқымыздың рухын мүлдем көтеріп тастады. Қазір қала түгіл облыс еңбекшілері де хабарларын үш каналдан көреді. Басқасын айтпағанда, СОКП XXVIII съезі мен пленумдарының, КСРО жоғары советінің съездері мен сессияларын үйімізде отырып тыңдай алатын болдық. Айта берсек телевизияның халыққа деген жақсылығы өте көп және ыңғайлы.

Ал, енді 30 жылдың ішінде халық үшін осындай жұмыстарды күн-түн демей істеп келе жатқан қазіргі облыстық телевизия және радиокомитетінің 30-25 жыл істейтін еңбек ардагерлері жөнінде айтып өткенді жөн көріп отырмын. Телевизияның тұңғыш дикторы, қазір аға редакторға дейін өскен Шұға Нұрмағанбетқызы, еңбек жолын машинисткадан бастап, қазір режиссерге дейін өскен Төлеу Бөлегенқызы, режиссердің көмекшісінен бастап, қазір режиссердің ассистенті Сара Ысқақ келіні, басында диктор болып, қазір телевизияның бас режиссері және халық театрының режиссері болып, күрделі спектакльдер қойып, халыққа творчествалық еңбегімен танымал болған Жанбау Бірманұлы, кинооператорлар Марат Ғинаятұлы Әбілхан немересі, Степан Денин осы адамдар соңғы уақытта комитетке жұмысқа келгендерді өз мамандығына үйретті.

Осы адамдардың арасында жүріп, 80-ге келгенімді сезбей қалдым. Осы халық үшін күн-түн демей еңбек етіп келе жатқан коллективімді мерекесімен құттықтап, бала-шағаларыңыздың қызығын көре беріңіздер дегім келеді.

**Зейнеп Көбейқызы,**
**еңбек ардагері**

СОТ ЖҮЙЕСІ

# ӘДЕП – ӘДІЛЕТ БАСТАУЫ

**Әлем мүлде жаңарып, қоғам күнде өзгеріп жатыр. Жаһандастыру қарқыны жаһанды жайлап дүбіліс пен дүрбелеңге толтыруда. Төрткүл дүниені алаңдатқан экономикалық және қаржы дағдарысы тығырықтан шығудың жолын іздестіруге мәжбүрлеуде.**

Жаңа дүниенің даму қарқынына ілесу үшін үздіксіз додаға түскендер ел болашағын алдын-ала қамдап, ұтымды жол іздеуге асық. Заңы заманына жарасып, мемлекеттік билік құрылымдары мығымдана түскен елдердің көреген жолбасшылары қазірдің өзінде келісті қадамдар жасап, дүние өзгерістеріне төтеп беруде. Елбасының бастамасымен «Нұрлы жол» стратегиялық бағдарламасын жасап, таяу болашақта әлемнің дамыған 30 елінің сапына қосылуды мұрат тұтқан Қазақ елі де өз жолын белгіледі. «100 нақты қадам» Ұлт жоспарын жасап, табанды түрде жүзеге асыруға кірісті. «Жұмыла көтерген жүк жеңіл» дейді халқымыз. Осындай алмағайып кезеңде Ұлт көшбасшысына зор сенім артып, маңына жұмыла топтасқан Қазақстан қауымдастығы, күллі мемлекеттік құрылымдар мен қоғамдық бірлестіктер, қарымды қайраткерлер мен озық ойлы азаматтар ел болашағының байыпты бағдарламасын неғұрлым тез де, тегеурінді жүзеге асырудың жолдарын, мүмкіндіктері мен оңтайлы тетіктерін қарастыруға сеп болуда. Елбасы жариялаған Ұлт Жоспарының «Заң үстемдігін қамтамасыз етуді» көздеген екінші бағыты бойынша сот жүйесін реформалауға тікелей қатысты 11 мақсатты қадамды жүзеге асыруға бағытталған жұмыстар бойынша Жоғарғы сотпен қазірдің өзінде ауқымды істер тындырылып, сот реформасы тереңдетілу үстінде. Сот жүйесінде Ұлт жоспарын жүзеге асыру аясында жүзеге асырылған ең маңызды өзгерістер қатарында – жаңа Азаматтық іс жүргізу Кодексінің, «Қазақстан Республикасының Жоғары Сот Кеңесі туралы» заңның қабылдануы мен «Қазақстан Республикасының сот жүйесі мен судьяларының мәртебесі туралы» Конституциялық заңға, Қылмыстық іс жүргізу және Әкімшілік құқық бұзушылық кодекстеріне өзгерістер мен толықтырулардың енгізілуін атар едік. Жаңа заң бойынша судьялардың тәуелсіздігі мен оларға ешкімнің тиіспеушілігінің кепілі ретіндегі конституциялық өкілеттіліктерін қамтамасыз ету мақсатында құрылған Жоғарғы Сот Кеңесі құрамының кем дегенде тең жартысын судьялар қауымдастығы өкілерінің құрауы мемлекеттік биліктің сот тармағына қоғам тарапынан көрсетіліп отырған зор сенімнің айғағы. «Қазақстан Республикасының сот жүйесі мен судьяларының мәртебесі туралы» Конституциялық заңға өзгерістер судьялардың материалдық жағдайы мен мемлекет тарапынан жасалатын әлеуметтік кепілдіктерін жақсарта отырып, олардың жұмыс сапасына талапты да күшейтті.

Судьялыққа кандидаттардың негізгі жұмыс орындарынан қол үзе отырып тұрақты негізде соттағы бір жылдық ақылы жұмыс тағылымдасынан өтуі, облыстық және Жоғарғы Сот судьясы лауазымдарына кандидаттарға одан жоғары тұрған соттар судьяларының жеке кепілдеме беру институтының енгізілуі солардың қатарына жатады. Заңға енгізілген өзгерістерге сәйкес судьяның отставкаға шығу үшін қажетті судьялық қызмет өтілі он бес жылдан жиырма жылға дейін ұлғайтылды. Сот төрелігін жүзеге асыру бес сатылыдан үш сатылы жүйеге көшті. Алда тұрған міндеттер одан да ауқымды. Қоғам болып ақылдаса шешетін мәселелер әлі де қомақты. Солардың қатарында халықтың сотқа, судьяларға сенімін бұрынғыдан да арттыру мақсатында Судьялардың әдебі кодексін жаңарту мен жетілдірудің маңызы зор. Осы мәселеге байланысты, 2016 жылы қараша айының 21 күні Астана қаласында Елбасының қатысуымен өткен республика судьяларының VII съезінде Судьялардың жаңа әдеп кодексі қабылданды.

2009 жылы қабылданған Судья әдебі кодексінде 9 бап қаралған болса, жаңа кодексте 15 бап бар. Жаңа кодексте бекітілген қағидалар, алдымен еліміздің Ата Заңына, «Қазақстан Республикасының сот жүйесі мен судьялардың мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық заңына негізделген.

Судьялардың ар-ождан Кодексінің пайда болуы ел тәуелсіздігі мен Судьялар қауымдасытығының дүниеге келуімен тікелей байланысты. Бастапқы «Судьялар этикасының» қағидаттары 1996 жылы 19 желтоқсанда өткен Қазақстан Судьялары қауымдастығының бірінші съезінде тұжырымдалса, ел тәуелсіздігінің он жылдығына орайлас келген 2001 жылы 6 маусымдағы үшінші съезде оған өзгеріс енгізілді. Қазақстан Республикасы судьяларының 2009 жылғы 18 қарашада өткен съезінде «Судья әдебі Кодексі» жаңа нұсқада бекітілді. Қоғам дамуының жеткен белестері әдет-ғұрып, әдеп нормаларын жаңа сапаға көтеріп отыратындығы белгілі. Қолданыстағы Судьялардың әдеп нормалары еліміздің сот жүйесінің өткен кезеңдердегі жағдайына қарай көптеген ұсыныстарды екшей келе жаңартылған болатын. Ол бойынша Судьялар көптеген шектеулерді ұстанды. Саяси партиялардың, кәсіптік одақтардың қатарында болудан және олардың қайсібірін қолдап, немесе қарсылық білдіруден іргелерін алшақ ұстады. Депутат, коммерциялық ұйымның басшысы болуға тыйым салынды. Кәсіпкерлік қызметпен шұғылданбады. Кәсіби жұмыстан тыс кезінде де беделіне нұқсан келтіретін жерлерден тартынуға тиіс болды. Тіпті судьяның жұбайы мен туыстарының материалдық мүдделерімен байланысты әрекеттеріге жол бермеуі керек екендігіне дейін айқын көрсетілді.

Судья әдебі кодексінің 1-бабында көрсетілгендей, судья антқа адал болуға, заңдарды бұлжытпай сақтауға және судьяның мәртебесін қадірлеуге, өзінің ар-ожданымен жеке басының қадір-қасиетін сақтауға міндетті болды. Сот билігінің беделін түсіретін, судьяның абырой-беделіне нұқсан келтіретін және сот төрелігін жүзеге асыру кезінде оның объективтілігі мен тәуелсіздігіне күмән тудыратын жағдайлардың бәрінен қандай жағдайда болмасын өзін аулақ ұстауға тиістілігі көрсетілді.

Қоғамдық және өзге де байланыстардың оның кәсіби қызметіне ықпал етуіне жол бермеуі қажет болды. Қызмет бабын өзінің жеке басының мүдделері, отбасы мүшелерінің, туыстары мен жақындарының мүдделері үшін пайдалануға тиіс емес, бір сөзбен айтқанда судьяларға – қоғамның адамгершілік келбетін ажарландыратындай ізгілік талаптары қойылды. Қолданыстағы 15 баптан тұратын «Судьялар әдебінің» кодексі сот билігінің жоғары мәртебесін қалыптастыруға лайықты қызмет етіп келеді.

Судьялардың жетінші съезінде қабылданған жаңа әдеп Кодексі судьялардың мінез-құлық жоралғыларының Бангролор қағидаттары мен үздік халықаралық тәжірибелерге негізделіп жасалған. Судьялар әдебінің ұстанымдарына келгенде біз әдетте, тарихи тағылымдар мен халықаралық озық тәжірибелерге жүгінеміз. Жаңа Кодексті жасақтауда қазіргі заманғы ғылыми айналымдағы еңбектерде дәлелін тапқан және істе сыналған судьялардың әдеп нормаларының басшылыққа алынғаны және ел дамуының стратегиялық басымдылықтарына қарай жаңартылғаны белгілі. Осы орайда айтайын дегенім халықаралық нормалар мен әлемдік стандарттардың озық үлгілеріне бағдар ұстай отырып, ғажап ұлттық дәстүріміздің жауһарларын да назардан тыс қалдырмағанымыз жөн. Қазіргі кезде қазақ елі әлемдік қауымдастыққа, оның құқықтық әлеуетіне тартыла түсті. Қазақстандық сот судьялардың халықаралық қоғамдастығының толық мүшелігіне өтті. Шет мемлекеттермен құқықтық ынтымақтастық аясы кеңейе түсіп отыр. Еуразиялық экономикалық қоғамдастық сотына тұрақты мүше болып кірдік. Бұл қазақстандық сот үрдістерінің әлемдік қауымдастыққа тартылуы ғана емес, қазақ заңдарының, қазақстандық сот төрелігінің ерекшеліктері мен озық дәстүрлерінің әлемдік кеңістікке еркіндей қадам басқаны. Мұны бірте-бірте ұлы дала өркениетінен жалғасқан ұлттық сот билігі дәстүрінің халықаралық қауымдастықтың бөлінбес бөлшегіне айнала түскені деп те қабылдаған жөн шығар. Қазақстанда судьялар Елбасының Жарлығымен тағайындалатын және қызметінен босатылатын, жоғары жалақы төленетін және тиісті әлеуметтік кепілдіктермен қамтамасыз етілген мәртебелі мемлекеттік лауазым иелері. Сондықтан олардан сұраныс пен талап та жоғары.

Судьялардың мінез-құлық, ар-ождан келбеттерінің үлгілі қоғамдық нормаларын қалыптастырудың маңызына аса мән беріліп отыр. Аристотель ілімдерінен таркатылып, тарих таныған озық ойлы заңгерлердің теориялық және істе сыналған тәжірибелерімен байытылған «Этика» ұғымы «Мәңгілік елді» мұрат тұтқан қазіргі Қазақ елінің ұлттық құндылықтарымен, кешегі Ұлы Дала өркениетінің философиясымен де үндеседі. Бұрынғы билердің әдебі мен дәстүрі кімнен кем еді?! Қазақтың кемеңгер заңгерлерінің бірі Салық Зиманов бір сөзінде: «Бір кездері ежелгі қазақ даласындағы заңдылық пен әділ соттың «Алтын ғасыры» қайтадан біздің тарихымыздың құрамдас бөлігіне – алтын бетіне және болашақта жалпы өркениеттің мұрасына айналар деген үмітім бар... Уақыт өте келе қазақ құқығы әлемдік өркениеттің құқықтық жүйелерінің ішінен лайықты орын алатындығына сеніммен қараймын» – деген еді. Заманында абыройына сәл кінарат түсірген билер мәртебесінен де айырылып отырған. Қазақ «Туғанына бұрғаны, биді құдай ұрғаны», «Би басына дау келсе, билік кетер қолынан» демейтін бе еді.

Әділ билердің абыройы хан-сұлтандардан да жоғары тұрған. Елімізде Қазақ хандығының 550 жылдығының кеңінен атап өтілуі мемлекеттілігіміздің тарихи тамырының бастауларына байыпты барлау жасауға мүмкіндік берді.

Осыған сүйенсек, қазақ елі судьяларының әдебі де негізгі бастауын ұлттық құндылықтардан алып, өркениет дәстүрлерімен сабақтастырылғаны жөн. Рас, қазіргі қоғам мен билер заманын салыстыруға болмайды. Қоғам даму үстінде. Құндылықтар өзгеріп жатыр. Ата-



баның қиялына да енбеген ғарыш заманының ғаламаттарында шек жоқ. Сонда да қазақ халқы, оның тілі мен ділі, дәстүрі, ұлттық ерекшеліктері орнында. Қазақ халқының менталитеті Ұлы Даланы мекен еткен ұлттар мен ұлыстардың сан алуан салт-дәстүр, әдет-ғұрып мәдениетінің діңгегіне айналып отыр. Ғасырлар бойы қалыптасып, заманына қарай жаңарған саф алтындай ұлттық құндылықтар ел іргесі бекіген сайын тот баспайтын ақ алмастай жарқылдап, ұлттық ерекшелігімізді нұрландыра түсті. Бұл да Ұлы Дала жұрты дәстүрлерінің өміршеңдігінің, рухының асқақтығының көрінісі. Қазақ халқы қай заманда да билікті мойындаған, қадірлеген. Ханын қастерлеп, биін сыйлаған, саялаған, қорғаныш еткен. Заманында Ұлы Даладағы біртұтас биліктің қара шаңырағына қадау - қалау уық болып тірелген қазақтың данагөй билері халқының амандығы мен тыныштығы, ел бірлігі жолында әділдік үшін басын бәйгеге тіккен. Әйгілі Әйтеке би: «Өмірім өзгенікі, өлім ғана өзімдікі», – деген екен. Қазіргі нағыз судьяның басты ұстанымы осындай болуы тиіс. Халық даналығынан туындаған мына кемеңгер толғамдарда қаншалықты мән-мағына жатыр. «Таста тамыр жоқ, биде бауыр жоқ», «Бай мал сақтайды, би ар сақтайды», «Елге бай құт емес, би құт». Бидің басты қағидасы – бітім, бітімгершілік. Сырым би айтқандай «Дау мұраты – бітім». Данышпан Абай: «Би төрттің құлы – адал еңбек, таза ниет, терең ой, әділдік» дейді.

Кіші жүздің он екі ата Байұлының Байбақты руына би болған Бұлан би қартайған шағында батасын Сырымға беріп, билік тұғырына көтерілген жас би Тама Малайсары биден бата сұрай барғанда: «Шырағым, үш сөз бар, соны ұмытпай жүрсең, халқың соңыңнан қалмас. Ұмытсаң, артыңа ермес. Ол үш сөз: ұят, борыш, обал! Одан кейін бір ақылым: Жақынды жаралама, алысты қаралама» деген екен. Қазақ «Ел боламын десең – бесігіңді түзе» дейді. Бұл – ел бірлігін, тыныштығын және болашағын тәлім-тәрбиеден баста дегені. Ал, этикалық нормалар сол тәртіптің, тәлім-тәрбиенің қайнары. Тәжірибеге сүйенсек, өңір судьялары Әдеп кодексінің талаптарын негізінен алғанда сақтап келеді. Көпшілік жағдайда судьяның іс-әрекетінен кодекс талаптарының бұзушылығы расталмағандықтан арыз-шағым бойынша көтерілген істердің жиі қысқартылып жататындығы сондықтан. Кейбір арыздарда «Судья әдебі» нормаларын бұзуға жатпайтын әрекеттер көрсетілгендіктен хат иелеріне жазбаша хабарланып, ведомстволық бағыныштылығы бойынша тиісті орындарға жіберіліп отырады. Осы орайда айта кетер болсақ, көпшілік арыздар шағымданудың заңды реттерін білмеуден, немесе сот шешімі шықпастан алдын ала байбалам салып, судьяның шешіміне ықпал ету бағытында туындайтындығы да байқалады.

Судья алдына әркім де әділдік іздеп келеді және билік төрінен адам жанын түсініп, тыңдай, тіл табыса білетін парасатты, білімді де, білікті, мейірбан жанды көргісі келеді. Азаматтардың сотқа, судьяның шығарған шешіміне деген сенімі мен үміті нақ осы бастапқы әсерлерден қалыптасады.

Судья бір мезгілде бірнеше іс тағайындап, сотқа қатысушыларды жинап алып, процесті уақытында бастамаса, істі қарау барысында тараптарға дөрекілік көрсетіп, жағымсыз қылық байқатса, немесе іс қарауды негізсіз кейінгі қалдыра берсе – ол заң талабына ғана емес, сонымен бірге, судьяның кәсіптік әдебіне де сай келмес еді. Қазір ашықтық пен жариялылық уақыты. Сот актілері Интернет желісіндегі соттардың сайттарына орналастырылады. Электрондық нұсқадағы сот актілерімен танысушылар ең әуелгі кезекте сот актісінің стилистикалық, грамматикалық және орфографиялық қателеріне назар аударады және оның негізділігі туралы бастапқы әсер де осыдан туындайды. Демек, судья процессуалдық құжаттарды сауатты және уақтылы, сапалы дайындауға тиіс. Ал, ұқыпсыз, түсініксіз, грамматикалық және басқа қателері бар сот актілері судьяға деген сенімсіздікті, оның біліктілігіне, сондай-ақ, әділдігіне орынды күмән туғызады. Сондықтан судьяның аса сауатты және ұқыпты болып, кәсіби біліктілігін ұдайы жетілдіріп отыруы да оның әдеп ұстанымдарының құрамдас бөлігіне айналғаны жөн. Қазақстан Республикасы Конституциясының 77-бабында «Судья сот төрелігін атқаруда тәуелсіз және Конституция мен заңға ғана бағынады» делінген.

Судьяның тәуелсіздігі, заңның жұмыс жасағаны жақсы. Сол заңды іске асыратын адам екенін ескерсек, заң өздігінен адам тағдырын шеше алмайтындығы түсінікті. Осы жерде келіп адамның ар-ұжданы, азаматтық парасаты, жүрек әмірі қосымша қозғаушы күшке айналады. Судья әдебінің нормалары міне, осындайда жолбасшылыққа жарап, көмекке келеді. Қазіргі заманның судьялары сауатты, білімді, іскер және заңмен жұмыс жасай алатын лауазым иелері. Енді олардың үлгілі ар-ождан ұстанымдары мен мінез-құлық жосықтарын Судьялар әдебінің жаңа Кодексі дұрыс меңзеп, қалыпты арнаға сала алады. Қоғамдағы заң үстемдігін қамтамасыз ететін, мемлекет атынан адам тағдырын шешетін, Ел президентінің Жарлығымен тағайындайтын ең мәртебелі лауазым иелері – судьяларға антқа адалдығын сақтап, әділ шешім шығарып, халықтың сенімі мен құрметіне бөленуден асқан абырой жоқ. Ел басы 2016 жылғы 6 қаңтардағы «Ұлт Жоспары – қазақстандық арманға бастайтын жол» атты мақаласында Қазақстан соттарын реформалаудағы темірқазық мәселе ю сапалы судьялар корпусын жасақтау екендігіне тоқталап келіп «Сот төрелігін үлкен өмірлік тәжірибесі бар және жоғары моральдық ұстанымдарға ие ең лайықты барынша дайындалған кәсіби шеберлер жүзеге асыруы тиіс», – деген болатын. Судьялар одағының өткен VI съезінде сөйлеген сөзінде: «Халқы заңын сыйлайтын, сотына сенетін қоғам - ең дамыған қоғам. Біздің мақсатымыз – дәл сондай қоғам құру» – деп атап көрсетті Елбасы Н.Назарбаев. Судьялардың ар-ождан қағидаттары осы мақсатқа қызмет етеді деген сенімдеміз.

**Сәрсен САҒАТОВ,**
**Қарағанды облыстық соты судьялар әдебі жөніндегі комиссиясының мүшесі**

# ОТБАСЫН САҚТАУ ЖОЛЫНДА

**Бүгінгі күні қоғамымызда отбасына қатысты дау-дамайлар жетерлік. Сондықтан отбасыларды сақтап, олардың құқықтық мәселелерін өз деңгейінде шешу үшін елімізде «Отбасылық сот» пилоттық жобасы қолға алынды. Яғни еліміздегі ажырасу деңгейін төмендету, отбасына қатысты дау-жанжалдардың алдын алу, ерлі-зайыптылардың татуласуына құқықтық органның септігін тигізу және тағы басқа мәселелерді тиімді шешу үшін атылмыш жобаның қажеттілігі сезілуде.**

Осы орайда бүгінгі күні республиканың әрбір өңірінде жобаны жүзеге асыру үшін соттар анықталған, олар отбасы-неке қатынастары саласындағы дауларды қарау тұрғысынан мүлдем басқа көзқарастағы бағыт ұстанып отыр. Мәселен, сот дауды сотқа дейінгі тергеу арқылы шешу жолымен шектелмейді, сонымен бірге отбасылық қатынастарды сауықтыру, жалпы отбасын сақтап қалу және дау-жанжалдан арылмай жүрген ерлі-зайыптыларды татуластыру жөнінде шаралар қолданады. Ал бұл үшін соттарда татуластыру рәсімдерін өткізу жөнінде арнайы кабинеттер ашылған. Мұндай отбасылық кабинеттерде білікті психолог мамандар дау-жанжалға қатысушылармен әңгімелер өткізеді, дауды сот тәртібімен шешудің балалар үшін әкеп соғатын психологиялық салдарларын түсіндіреді.

Жоғары Сот төрағасы Жақып Асанов: «Тәртіп пен заң өзгерсе де, отбасылық құндылықтар өзгермейтін киелі әрі мәңгілік құндылықтар. Барлық жақсылық атаулы отбасынан бастау алады. Көшеде, қоғамдық орындарда орын алатын қатыгездіктің түп тамыры отбасында болған жағдайлардың көрінісі», – деп атап өтті. Яғни «отбасылық сот» жобасы қоғамымыздағы қылмыстардың алдын алуда да белгілі бір дәрежеде өзінің оң ықпалын тигізеріне үміт зор. Қоғамымызда ажырасу мен некесіз туатын балалар санының көбейгендігі, әрбір үшінші отбасының шаңырағы шайқалып жатқандығы, отбасылық зорлық-зомбылық оқиғаларының жиілеуі мамандарды алаңдатып отыр. Сондықтан «отбасылық сот» пилоттық жобасы көптеген мәселелердің шешімін табуына әсер етеді деп күтілуде

**Талғат ШАКИПОВ,**
**Қарағанды облысы кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі №2 мамандандырылған ауданаралық сотының төрағасы**

ЖАҚСЫКЕЛДІ СЕЙІЛОВТІҢ ТУҒАНЫНА 70 ЖЫЛ

# ЖАҚСЫДАН ҚАЛҒАН ЖӘДІГЕР

*Шындығында, жезқазғандық «Қаракөз» ансамблі мен оның жетекшісі болған Жақсыкелді Сейілов ұлттық руханиятымызға қосқан өлшеусіз еңбегіне ешкімнің таласы жоқ. Сол заманның өлшемі мен талғамы бойынша біздің болмысымызға тосындау эстрада өнерін бағындырды. Бағындырып қана қоймай аз ғана уақыттың ішінде тамаша жетістіктерге жетті. Ресми тілмен айтқанда, вокальды-аспапты ансамбльдер көшінің Арқа жеріндегі көшбасташысы дәрежесіне көтерілді.*

**Ақын, ҚР Еңбек сіңірген қайраткері**
**Кәкімбек Салықов.**



Талантты сазгер, әнші, азамат, Қазақстан Республикасының Еңбек сіңірген мәдениет қайраткері Жақсыкелді Уәлиұлы Сейілов 1949 жылы Қарағанды облысы, Ұлытау ауданы, «Алғабас» ауылында қарапайым шаруа отбасында дүниеге келді.

Жақсыкелді Сейіловті ата-анасы қатарынан қалмай оқысын деген мақсатпен тоғыз жасында Қарағанды қаласындағы зағип жандарға арналған мектеп-интернатына оқуға береді. Мектеп қабырғасында түрлі үйірмелерге белсене қатыса жүріп, баянда ойнаудың қыр-сырын үйреніп алады. Бала күннен музыкаға деген құштарлығы бойынан байқалған Жақсыкелді Сейілов ауыл балаларына, құрдастарына ән үйретіп, қарындасы Гүлбануға «брайль жазуын» үйреткен. Мұндағы негізгі мақсаты ауылдағы ата-анасымен хат алысып, сөйлесу еді. Жақсыкелдінің қарындасы зеректігіне қарай «брайль жазуын» тез үйреніп, хатты оқып, жауап жазатын болған екен. Оқу бітіргеннен кейін алғашқы еңбек жолын Қарағандыдағы оқу-өндірістік кәсіпорнынан бастайды. 1968 жылдан 1978 жылға дейін №8 қазақ орта мектебінде ән-күй пәнінінің мұғалімі болды. Мектепте хор, вокалды аспаптар үйірмелеріне жетекшілік етті. Мұғалімдікпен қатар 1970 жылдан бастап «Металлургтер» мәдениет сарайында әуесқой қазақ топтарының көркемдік жетекшісі болып жүрді. 1971 жылы «Қаракөз» вокалды аспаптар ансамблін құрып, оның көркемдік жағын басқарған еді.

«Қаракөз» ансамблінің ән қоржынындағы Жақсыкелдінің «Неге солай?», «Ана туралы баллада», «Кездесу», «Айналайын қанатым», «Нан туралы баллада» атты әндері республикалық байқауларда жүлделі орындарға ие болды. 1973 жылы Алматыда өткен саяси әндердің бүкілодақтық байқауына қатысып, лауреат атанды.

Жақсыкелді Сейілов 1975 жылдан бастап облыстық филармонияда қызмет еткен. Филармонияда қызметте жүрген кезінде ақын Кәкімбек Салықовтың сөзіне жазылған «Жезкиік» әнінің атымен аталған «Жезкиік» атты ансамблін құрған.

Ж. Сейілов 1974-1976, 1983-1985 жылдары қазақ зағиптер қоғамы Жезқазған облыстық басқармасының төрағасы қызметін атқарды. Кейін Жақсыкелді Сейілов Жезқазған облыстық мемлекеттік филармониясында концертмейстер болып еңбек етті. Жақсыкелді Сейілов композитор ретінде көпшілікке кеңінен танылып, 1990 жылы Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумы Жақсыкелді Уәлиұлы Сейіловке «Қазақ ССР-інің еңбек сіңірген мәдениет қызметкері» атағын берді.

Өнерде Жақсыкелді Уәлиұлы өзінің орнын ойып тұрып кеткендей, ал отбасындағы орны қандай еді? Адамдықтың ақ туын әркез биік ұстаған, адалдықтан нәр алған, жарына адал дос бола білген, ұрпағына саялы бәйтеректей болған азаматтың отбасындағы орны оймақтай еді.

Жастайынан өмірдің құндылықтарын бойына сіңіріп өскен, еш қиындықтан қорықпайтын, қандай жұмыс болса да тартынбай, аянбай соңына дейін жеткізетін, үлкенге қызмет, кішіге ізет көрсетуге дайын тұратын Жақсыкелді Сейілов туралы, өмірінің соңғы сәттеріне дейін бірге болған Зейнеп апа көзіне жас алып сөзін былай деп бастады: «Еее, Жәкеңдей бұл дүниеде адам жоқ шығар шырағым... Оның мейірбандығы, көңіл-күйінді даусыңнан-ақ тап басып, тіліңді таба қоюы, кішіпейілдігі, ер азаматтың бойында болу керек қасиеттің барлығы Жәкеңде бар еді.



Менің жасаған тағамдарымды да ерекше құштарлықпен ішіп, пісірген бауырсағымды өзің сияқты топ-томпақ деп еркелететін еді». Әр кез үйіне келген кісіні құрақ ұшып қарсы алатыны тағы бар еді. Зайыбы Зейнеп апаны үнемі іңкәр сезіммен еркелете «Зеке үйге қонақтар келді, ақ дастарханға барынды сал» деп шаттық көңілмен алақанын бір-біріне соғып балаша мәз болады екен. Анамыз Зейнекүл Сейілова ақ отаудың түтінін түзу түтететін, ері түзде жүргенде, тілекші, үйге келгенде кеңесшісі болатын, қамқор жан. «Отбасының басты қазығы, алтын тіреу діңгегі – бала» демекші, Жақсыкелді Сейілов пен Зейнекүл Сейілованың баласы Жанбота дүниеге келді. Жанботасы әке жолын қуып композитор болмаса да, пианинода ойнап, күй тартып, ән айтады екен. «Жәкең біреуге ренжи қалса, не болмаса бір нәрсені уайымдаса қолын шұқылап, үйдің ішінде әрлі-берлі жүретін... Дәл осы бір қылықты ұлым Жанботадан байқап, Жәкеңді көргендей боламын» – деді Зейнеп апа мұңлы көзбен сәл жымиып.

Талантты композитор, сәл мұңлылау, сырға, сезімге толы, майда қоңыр лепке бай әндерімен ән сүйер қауымды сан тебірентіп, сан толқытқан абзал жан Жақсыкелді Сейілов ағамызды көзім көрмеседе музей қорында сақталған құжаттары мен заттары арқылы, естелік кітаптары арқылы, жары Зейнеп апамен сұхбаттасу арқылы композитор ағаның кескін-келбетін, жан дүниесін ұғынғандаймын. Жақсыкелді Сейіловтың жары Зейнегүл Сейілова «Жақсыкелдіні өз ғасырының адамдары ғана емес, өскелең ұрпақ білсін, өмірімен таныссын, заттай жәдігерін ұстап көрсін», – деген ниетпен музей қорына пайдаланған заттарын өткізген болатын.



Синтезатор «Roland E-16» жеке өнер көрсетуге және үй жағдайында қолдануға арналған музыкалық аспап. Интерактивті синтезатор, 61 динамикалық пернетақтадан, 24 полифониядан, 223 патчтан, сүйемелдеудің 68 стилінен және дыбыстық күшейту жүйесінен тұрады.

«Жезқазған облысы таралып, теңге кіріп жатқан жылдар болатын. Жәкең өзгелер сияқты мансапқа, ақшаға қызықпайтын еді, барға қанағат тұтатын. Біреуі көлік алып, біреуі үй алып жатса, Жәкең, музыкалық аспаптарға қызығып, шама-шарқынша алуға тырысатын. XX ғасырдың соңында бағасы шырқырап тұрған синтезаторды алу қиямет қайым еді ғой... Осындай синтезаторды бір күні досы Марат Мұқашев Жәкеңе арнайы Алматыдан алдыртып, сыйға тартты. Сонда Жәкең бір балаша қуанған болатын. Осы синтезатормен Жәкең талай той-томалақтарда, мерекелік кештерде өнер көрсетті», – дейді сазгердің жары. Түсі қара түсті. Өлшемі: ұзындығы – 93см, ені – 35см.

«Ең әдемі киім – ұлтыңның киімі», – деген ұлы адамдар. Қазақ халқының ұлттық киімдерінің түрі де, үлгісі де еш халықтан кем болған жоқ. Ертеде халық шеберлері қазақтың болмысына тән, кигенде ыңғайлы әр түрлі киім үлгілерін жасаған. Жүрегі қазақ деп соққан, Жақсыкелді Сейілов мерекелік кештерге қазақтың оюлы шапанын кигенді ұнатқан. Музей қорындағы Жақсыкелді Уәлиұлының шапаны қоңыр түсті, алдыңғы екі өңірі, артқы бой, екі жең және жағасы ойып пішілген, қошқар мүйіз оюымен оюланып арнайы тапсырыспен тігілген. Өлшемі: ұзындығы 110 см, ені 52см.





Брайль жазуы – бұл зағип жандарға арналған алты белгіден тұратын, тактильді оқу жүйесі. Брайльді қолмен жазудың екі тәсілі бар: қорғасынмен және Брайль баспа машинасының көмегімен. Жақсыкелді Сейілов әндерін, өмірбаянын брайль жазуымен арнайы зағиптерге арналған баспа машинасында жазған. Төменде суретте брайль жазуымен жазылған Жақсыкелдінің өмірбаяны мен ән дәптері көрсетілген Осы баспа машинасының көмегімен мектепте ұстаздық еткенде де қолданған екен. Брайль жазуына арналған баспа машинасы алты пернеден құралған, ортаңғы перне әріптерді бір-бірінен алшақтату үшін арналған, сол жағындағы 1,2,3 пернелері және оң жағындағы 4,5,6 пернелері нүктелеп жазуға арналған. Пернелерді қалыптастыратын белгілер бір мезгілде басылып, әр баспа әріпке сәйкес келеді.

«Жаны жақсы адамдар байлық жинамайды, өздері байлыққа айналады» демекші, Жақсыкелді Сейіловтің де музей қорына өткізген жәдігерлері баға жетпес байлыққа айналды. Қазақ жұртының біртуар дарыны Сейілов Жақсыкелді Уәлиұлының жарқын бейнесі мәңгі өшпесін!

**Айдана ЖАНБОСЫНОВА,**
**Жезқазған тарихи-археологиялық музейінің ғылыми қызметкері**

# ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР мен ИСЛАМ ДІНІНІҢ САБАҚТАСТЫҒЫ

***«Алты жыл аш болсаң да, атаңның салтын ұмытпа».***
***Халық нақылы***



Жаһандағы кез келген ұлттың рухани мәдениеті ғасырлар бойы жинақталған, ата-бабадан ұрпаққа мирас болып келе жатқан ұлттық-рухани құндылықтардың негізінде қалыптасады. Әр ұлттың өз мәдениетінің бір арнаға түйісуінде наным-сенімдердің орны ерекше. Ғалымдар қазақ ұлтының ұлттық құндылықтар жүйесіндегі ислам дінінің орнын әлдеқашан айқындап, өзіндік пікірлерін қалдырды. Тарихымызға тереңдей көз салсақ, сан ғасырлардан бері ата-бабаларымыздың ислам мен әдет-ғұрыптарымызды сабақтастырғанына куә боламыз. Сол үрдіс күні бүгінге дейін мәдениетіміз бен құндылықтарымызды жалғастырып келді. Қазақтың арғы түркілік кезеңінде әр түрлі діни-наным сенімдердің, дүниетанымдық көптүрліліктің орын алғанын жасырмауға тиістіміз. Сонау шамандық, яғни бақсылық пен Тәңірге сену кезеңінен басқа зороастризм, будда, христиан діндері қазақтың кең даласында өзінің кейбір көріністерін танытып отырғанын айта кету керек. Ал аруаққа сену, қасиетті жерлер мен аңдарды қадірлеу дәстүріміз өзінше бір төбе. Дегенмен, нағыз іргелі діни құбылыс ретінде қазақтың этникалық болмысында, тарихында орныққан, тұтастанған рухани құрылымға ислам дінінің ендеуін, бекуін толық жатқыза аламыз. Әрине, алдымен ежелгі Тәңірі дінінің халық санасы мен болмысында қандай сипатта көрініс тапқанынан басталып, бірте-бірте ұлттың діни санасында мұсылмандық құндылықтардың орнығуы мәселесін атауға болады

Ұлттың ұйытқысына айналған дәстүр мен санадан орын алған дінді тәрк ету – ұлттық қауіпсіздікке төнген қатер. Шындығында, дін де, ұлттық құндылықтар да – Әл-Фараби бабамыз айтқан «бақытты қала тұрғындарын» өркениетке жетелейтін руханияттың саулығы, адамгершілік, имандылық сынды асыл мұраттарды бойына жиған білімнің діңгегі. Ұлттық құндылық дегеніміз – тарих көшінде ұлттың тірнектеп жинап, кейінгіге қалдырған тіл, дін, тарих, фольклор, көркем әдебиет, әдет-ғұрып сынды рухани мұрасы. Қазақ халқы Құдай Тағаланы ертеден-ақ тани білген. Халық жадында сақталған жырлар мен нақыл сөздер, «Адамнан сұрағанның екі көзі шығады, Алладан сұрағанның екі бүйірі шығады», «Құдайсыз қурай сынбас» дегендей мақал-мәтелдер халықтың тілек-қажетін бір Тәңірден сұрағандығын, әрі қазақтың құдайшыл ел болғандығын аңғартады.

Бабаларымыздан бізге құндылық боп жеткен асыл қасиеттерінің ішінде мына бірлі-жарымына тоқтарлық. Қазақ ұлтының қанына сіңген қасиеттердің бірі – сыйластық. «Адам – сыйлағанның құлы» деген қазақ өзін сыйлап, құрметтеген жанға төрден орын ұсынған. Саққұлақ би сыйластықтың мәртебесі турасында: «Адамның басшысы – ақыл, шолушысы – ой, жетекшісі – талап, қорғаушысы – сабыр, сынаушысы – халық, таусылмайтыны – арман, ең қымбаттысы – ар сақтау, бәрінен ардақтысы – адал өмір сүру, соның ішіндегі ең тәттісі – сыйластық» деген екен. Ал сыйластық туралы Алла Елшісі (с.а.с.): «Қайда болсаң да, Алладан қорық, жамандығыңның артын оны өшіретін жақсылықпен ұластыр әрі адамдармен көркем мінезбен қарым-қатынас жаса», – деп өсиет еткен. Татулық белгілерінің бірі – сый тарту. Бұл – ұлттық құндылық. Алаш жұртында «Орамал тон болмайды, жол болады» деуі – адамның бірінің көңілін бірі аулауы. Мұнда мұсылманшылық негіз де бар. Қазақ халқында базарлық, асату, сыбаға, байғазы, сарқыт, сәлемдеме және т.б. сый-сияпат түрлеріне жатады. Мұндай игі жоралғылар жөнінде Пайғамбарымыз (с.а.с.) үмбетіне: «Бір-біріңе сый беріңдер, сүйіспеншіліктерің артады» деп өсиет еткен. «Жатырқау – жаттың ісі, жақындау – Хақтың ісі», «Жақсы адамда жаттық жоқ, жақсы жарда қарттық жоқ» дегендей мақалдар қазақтың бауырмал халық екендігін танытады. Халқымыздың мұндай игі қасиеттерінің негізі қасиетті аяттар мен хадистерде де жатыр. Мысалы, Алла Елшісі (с.а.с.) болса: «Мұсылманның мұсылмандығы хағы бесеу: сәлеміне сәлем қайтару; ауру болса, халін сұрап бару; қайтыс болса, жаназасына қатысу; қонаққа шақырса, бару; түшкірсе, «Алла рахым етсін» деп айту» деген. Ғалымдардың пайымдауынша, бір халықтың толыққанды ұлт болып ұйысуы үшін мына бес асыл негіз түгел болуы керек екен. Олар – тіл, дін, дәстүр, тарих және атамекен. Демек, тіл, діл, дін – сан ғасырлар бойы халқымыздың мәдени, рухани-имани тұтастығы мен ұлттық бірегейлігінің негізгі ұйытқысы болып қала береді. Ұлттық тамыр, ата-баба дәстүрі мен мәдени мұра да әр адамның ой-санасында және жан-дүниесінде, болмысында, қасиетті құндылық ретінде орын алуы тиіс. Сондықтан да, ұлттың дүниетанымдық көзқарастарын, өзіне тән бітім-болмысын, жан-дүниесін, қазақы ойлау жүйесін, мәдениетінің рухани негіздерін танып-білу үшін өткен тарихымызға үңілудің қажеттілігі зор. Ел ынтымағының ұйытқысы саналатын қазақы ұлттық дүниетанымымыз бен дәстүр, әдет-ғұрып сынды киелі ұғымдарымызға адалдық таныта білсек, ертеңіміз баянды болмақ. Өйткені, жаһандану дәуірінде дәстүріне иелік ете алмаған елдің келешегі жоқ. Бұл қағида Исламның жетінші ғасырдан бастап Қазақ даласына ену процесі кезінде сақталды. Түркі халықтары дәстүрінің емін-еркін ұстануына негіз болды. Аталған уақыттан күні бүгінге дейін қазақ даласы мен Орталық Азия аймағы көптеген дін ғұламаларын өмірге әкелді. Бұл ғұламалардың тікелей ықпалымен өңірімізде ислам діні халықтың тұрмыс-тіршілігіне дендей енді. Өзіндік салт-дәстүрін дінмен астастыра ұстанған халқымыз діналалық түсініспеушіліктерден де алыс болды. Исламның қазақ халқының өмірінен орын ала бастағанына XIII ғасырға жуық уақыт өтті. Әлемдегі барша мұсылмандар ардақ тұтатын қасиетті Құранда Алла тағала: «Мен адамдарды бірін-бірі тануы үшін ұлттарға бөліп жараттым», дейді. Демек, Алланың тікелей пәрменімен жер бетіндегі адамзаттың ұлтқа бөліну үрдісі жүзеге асқан. Ал ұлт сөзінің атрибутына келер болсақ оның өзіндік параметрлері бар. Мәселен, бір ұлт екінші бір ұлттан дербес тілі, дәстүрі мен мәдениетінің болуымен ерекшеленеді. Ал, Мұхаммед пайғамбар (с.а.с.): «Егер кез-келген ұлттың өзіндік дәстүрі мен ғұрыптары Құран мен хадистерге қайшы келмейтін болса, онда оны ұстануға толықтай рұқсат беріледі», – деген. Бұл қағида Ислам дінінің VIII ғасырдан бастап қазақ даласына ену процесі кезінде де сақталды. Түркі халықтары дәстүрінің Ислам діні қағидаларымен ұқсас болуы мен идеялар арасы қайшылығының болмауы ата-бабаларымыздың өз дәстүрін емін-еркін ұстануына негіз болды.

**Қабдол ӘУЕЗОВ,**
**тарихшы**

Имандылық ирімдері

# ҚАРАША АЙЫНЫҢ НАМАЗ КЕСТЕСІ

***(Жезқазған уақыты бойынша)***

| | Апта күні | Таң | Күн | Бесін | Екінті | Шам | Құптан |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | Жұма | 06:46 | 08:10 | 13:16 | 16:29 | 18:15 | 19:39 |
| 2 | Сенбі | 06:47 | 08:11 | 13:16 | 16:28 | 18:14 | 19:38 |
| 3 | Жексенбі | 06:49 | 08:13 | 13:16 | 16:26 | 18:12 | 19:36 |
| 4 | Дүйсенбі | 06:50 | 08:14 | 13:16 | 16:25 | 18:11 | 19:35 |
| 5 | Сейсенбі | 06:51 | 08:16 | 13:16 | 16:23 | 18:09 | 19:34 |
| 6 | Сәрсенбі | 06:53 | 08:17 | 13:16 | 16:22 | 18:08 | 19:32 |
| 7 | Бейсенбі | 06:54 | 08:19 | 13:16 | 16:21 | 18:06 | 19:31 |
| 8 | Жұма | 06:55 | 08:20 | 13:16 | 16:19 | 18:05 | 19:30 |
| 9 | Сенбі | 06:57 | 08:22 | 13:16 | 16:18 | 18:03 | 19:29 |
| 10 | Жексенбі | 06:58 | 08:23 | 13:16 | 16:17 | 18:02 | 19:28 |
| 11 | Дүйсенбі | 06:59 | 08:25 | 13:16 | 16:15 | 18:01 | 19:26 |
| 12 | Сейсенбі | 07:01 | 08:26 | 13:16 | 16:14 | 17:59 | 19:25 |
| 13 | Сәрсенбі | 07:02 | 08:28 | 13:16 | 16:13 | 17:58 | 19:24 |
| 14 | Бейсенбі | 07:03 | 08:29 | 13:17 | 16:12 | 17:57 | 19:23 |
| 15 | Жұма | 07:04 | 08:31 | 13:17 | 16:11 | 17:56 | 19:22 |
| 16 | Сенбі | 07:06 | 08:32 | 13:17 | 16:10 | 17:55 | 19:21 |
| 17 | Жексенбі | 07:07 | 08:34 | 13:17 | 16:09 | 17:54 | 19:21 |
| 18 | Дүйсенбі | 07:08 | 08:35 | 13:17 | 16:08 | 17:53 | 19:20 |
| 19 | Сейсенбі | 07:10 | 08:37 | 13:17 | 16:07 | 17:51 | 19:19 |
| 20 | Сәрсенбі | 07:11 | 08:38 | 13:18 | 16:06 | 17:51 | 19:18 |
| 21 | Бейсенбі | 07:12 | 08:40 | 13:18 | 16:05 | 17:50 | 19:17 |
| 22 | Жұма | 07:13 | 08:41 | 13:18 | 16:04 | 17:49 | 19:17 |
| 23 | Сенбі | 07:14 | 08:43 | 13:18 | 16:03 | 17:48 | 19:16 |
| 24 | Жексенбі | 07:16 | 08:44 | 13:19 | 16:02 | 17:47 | 19:15 |
| 25 | Дүйсенбі | 07:17 | 08:45 | 13:19 | 16:01 | 17:46 | 19:15 |
| 26 | Сейсенбі | 07:18 | 08:47 | 13:19 | 16:01 | 17:45 | 19:14 |
| 27 | Сәрсенбі | 07:19 | 08:48 | 13:20 | 16:00 | 17:45 | 19:14 |
| 28 | Бейсенбі | 07:20 | 08:49 | 13:20 | 15:59 | 17:44 | 19:13 |
| 29 | Жұма | 07:21 | 08:51 | 13:20 | 15:59 | 17:43 | 19:13 |
| 30 | Сенбі | 07:22 | 08:52 | 13:21 | 15:58 | 17:43 | 19:12 |

**Жезқазған аймақтық Ахмет ишан Оразайұлы атындағы мешіт.**

# САЛА ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ МАРАПАТТАЛДЫ

**Әлеуметтік қорғау жүйесі қызметкерлерінің кәсіби мерекесіне арналған салтанатты шара «Nur Otan» партиясы Жезқазған қалалық филиалы ғимаратында өтті. Жиынға қарттар мен мүгедектерге, көп балалы және күнкөріс деңгейі төмен отбасыларға, сондай-ақ, белгілі тұрағы жоқтарға қызмет етіп жүрген қажырлы еңбек иелері қатысты.**




– Сіздердің мамандықтарыңыз қоғамдағы ең ізгі және жоғары сұранысқа ие мамандық болып табылады. Сіздерге аса жоғары жауапкершілік жүктелген. Тағдыр тауқыметін тартқан, түрлі жағдайларға тап болғандар мен мүмкіндігі шектеулі жандарға моральдық, материалдық көмек көрсете отырып, қолдаудан танбайсыздар. Құлағанға демеу, сүрінгенге сүйеу болған Сіздердің еңбектеріңіз өлшеусіз, – деп құттықтауымен шараның шымылдығын түрген қалалық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің басшысы Салтанат Нұрлыбаева елімізде халықты әлеуметтік қорғаудың көп деңгейлі ұлттық моделі құрылғанын тілге тиек етті.

Қиындыққа тап болғандардың жанынан табылып, қамқорлыққа бөлеуге асыққан әлеуметтік сала қызметкерлеріне деген зор құрмет пен шынайы алғыстың белгісі ретінде Жезқазған қаласының Құрмет грамотасын тапсырды. Еңбегі еленгендердің қатарында Аян Жингилбаев, Зайра Қабашева, Алуа Бейсембаева, Жанна Әшірбекова, Жанат Жылтыркөзова, Амангүл Орманова, Әсем Қарабаева, Гүлбаршын Кенбаева, Қарлығаш Төкенова, Ақбота Қошмағамбетова, Салтанат Мырзамбетова, Кәмшат Ахметова, Гүлшат Құрманбаева мен Шолпан Әбдірайымова бар.

Ақ тілектер легін жалғастырған «Nur Otan» партиясының Жезқазған қалалық филиалы эксперті Жанар Майханова әлеуметтік қызметкерлер Әсемгүл Сәдуақасова мен Гүлнәр Түкенованы Алғыс хатпен марапаттады.

– Әлеуметтік салада еңбек ету үшін үлкен жүрек керек. Өйткені, біздің мамандық жоғары кәсібилікпен қатар асқан мейірбандылық пен жанашырлықты қажет етеді. Осы талап үдесінен шығып, тұрғындардың алғысын арқалап жүрген Сіздерге ризашылығымды білдіремін, – деп ағынан жарылған қалалық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің басшысы Ләйлә Әлкебаева бірқатар әріптесіне Алғыс хат тапсырды.

Жас өнерпаздардың патриоттық әндерімен әрленіп, әсем биімен көмкерілген мерекелік шарада әлеуеттік қызмет саласының мерейін өсіріп, мәртебесін арттырған еңбек ардагерлерінің есімі мақтанышпен аталды. Олардың атынан сөз алған Рахым Арыстанбаев жалғызбасты қарттардың көңілін аулап, мүмкіндігі шектеулі жандардың қайғысын бөлісіп, көп балалы отбасылардың мұңын мұңдаған әріптестеріне жылы лебізін білдіріп, жас мамандарға ағалық кеңесін үйіп-төкті.

**Диана ОРАЗАЛИНА**
*Суретті түсірген*
**Ғалия ӘБДІҒАППАРОВА**

ПРЕЗИДЕНТ ЖОЛДАУЫ: сенімге – серпін!

# БОЛАШАҚ ДӘРІГЕРЛЕР ДЕ СЕНІМ АРТАДЫ

**Президент Қ. Тоқаев халыққа Жолдауында: «Халықтың денсаулығына байланысты, әсіресе, ана мен сәби өліміне қатысты көрсеткіштердің өңірлік теңгерімсіздігі айқын көрінеді. Дегенмен, бұл көрсеткіш төмендеп келеді. Бірақ әлі де жоғары, сондай-ақ, дамыған елдердің деңгейінен айтарлықтай көп. Үкімет әр өңір бойынша медицинадағы нақты дерттер топтамасы жөнінде басымдықтар тізімін жасап, соның негізінде бюджеттен қаржы бөлуі қажет» дей келе, халықтың денсаулығына үкімет бей жай қарамау керектігін жеткізген болатын.**



Qazaqstan Respýblikasy Prezidentiniń joldaýy

Бұл – денсаулық сақтау саласы мамандарына артылар міндет те ұлғаяды деген сөз. Осы орайда, Президент Жолдауы аймағымыздағы жалғыз медициналық білім ордасы Жезқазған жоғары медициналық колледжінің студенттеріне де кеңінен түсіндірілді. Болашақ дәрігерлермен «Қарағанды облысы жастар мен балалар ұйымдарының одағы» жастар қоғамдық бірлестігінің қызметкері Жанар Жетпісбай және Ө.А.Байқоңыров атындағы Жезқазған университеті «Рухани жаңғыру» орталығының жетекшісі Арман Кенжебек кездесті.

– Қай салада болсын өз ісіне деген сүйіспеншілік, қызығушылық өте маңызды. Өз мамандығын жүрек қалауымен таңдап, өз жұмысын сүйіп жасайтын адам ғана биіктерді бағындыра алады. Ел дамуының негізгі күші – жастар екендігі белгілі. Соның ішінде, адамның тәні мен жанын қатар емдейтін дәрігер мамандығының бәсі биік. Сіздерге ел Президенті зор сенім артады. Сол себепті сенімге селкеу түсірмеуге тырысыңыздар, – деді өз сөзінде Жанар Жетпісбай колледж жастарына.

Одан әрі сөз алған Арман Кенжебек Жолдауда айтылған зейнетақы қоры, «Дипломмен – ауылға» бағдарламасы, орта бизнесті жетілдіру сынды жастар қызығушылық білдірген тақырыптарда сөз қозғап, «Күшті Президент – ықпалды Парламент – есеп беретін Үкімет» қағидасының мәнін түсіндірді.

**Ақниет ТАҒЫБЕРГЕН**

# ЖАҢАРТЫЛҒАН БІЛІМ БЕРУ МАЗМҰНЫ – ЗАМАН ТАЛАБЫ

**«Мектептің жүрегі – мұғалім» десек, қазіргі уақытта заманауи білім жүйесіне сай білім мен біліктілікті серік еткен ұстаз ғана биік мінберден көріне алады. Осы орайда, білім саласында педагог мамандарға жүктеліп отырған басты міндеттедің бірі – жаңартылған білім жүйесін меңгеру. Әлемнің алдыңғы қатарлы университеттеріндегі ғалымдарының мақұлдауымен енгізілген жаңартылған білім беру жүйесін, алдымен, ана тіліміздің жебеушісіндей болған қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімдері игеруге тиіс екендігі сөзсіз. № 7 Қ.И.Сәтбаев атындағы мектеп-лицейінде ұйымдастырылған «Жаңартылған білім беру мазмұны: ізденіс пен тәжірибе» тақырыбында өткен облыстық семинар қазақ тілі мамандарына жаңартылған мазмұнға сай сабақ беру жолдарын жетік меңгеруге мүмкіндік жасады.**



Qazaqstan Respýblikasy Prezidentiniń joldaýy

– Жаңартылған білім мазмұнына негізделген білім жүйесінің енгізілгеніне биыл – үшінші жыл. Жылдан-жылға мұғалімдерге деген талап күшеюде. Бұл педагог мамандарға үлкен міндеттер жүктейді және ізденімпаздық пен шығармашылықты қажет етеді. Бүгінгі семинарға тек Жезқазған қаласының қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімдері ғана емес, Қарағанды облысының Абай, Осакаров, Бұқар жырау, Шахтинск, Саран аудандарының да мұғалімдері қатысуда. Семинарда мұғалімдер өзара тәжірибе алмасып, оқытудың жаңа әдіс-тәсілдерін үйренетін болады, – деді Қарағанды облысы білім беруді дамытудың оқу-әдістемелік орталығының әдіскері Аңсаған Қазиева.

Әлеуметтік жобаларға арналған «Білімді мыңды жығар» атты көрмеден басталған шара, одан әрі «Білім мазмұнын жаңарту – білім саласының жаңа көкжиегі» тақырыбындағы ашық сабақтармен жалғасты. № 8 қазақ гимназиясының мұғалімі Д.Ғ.Сәдірислам «Қазақ халқының салт-дәстүрлері», Ж.А.Әбдіғожин «Қазтуған жыраудың «Туған жермен қоштасу» толғауы Б.Б.Смаилова «Қазақ киносы мен театрының қазіргі келбеті», С.Ж.Мұсабеков «Масғұт» поэмасындағы адамгершілік құндылықтар», В.О.Қазанғапова «Біржан мен Сара айтысындағы» Біржан мен Сараның көркем бейнесі», Д.Ш.Сексенбаева «Жақсыдан үйрен, жаманнан жирен» тақырыптары бойынша ашық сабақ өткізді.

Семинардың «Мұғалімнің педагогикалық шеберлігі – табысты оқыту» деп аталатын үшінші бөлімінде № 1 ЖОББМ-нің мұғалімі Т.Б.Түсіпова «Жаңартылған білім беру мазмұнындағы қалыптастырушы бағалаудың ерекшелігі», № 26 гимназияның мұғалімі А.А.Сүлейменов «Жаңартылған білім беру мазмұны бойынша оқытудағы жаңа әдіс-тәсілдер» тақырыбында тренинг ұйымдастырып, өзара пікір алмасты.

Шара соңында № 13 ЖОББМ-нің мұғалімі С.Бейсембаева TEДх форматында «Ұлы Даланың жеті қыры: Ұлы Дала тұлғалары» тақырыбында, № 7 Қ.И.Сәтбаев атындағы мектеп-лицейінің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімдері «Тарихы терең, байлығы өрен – Жезқазған» тақырыбында жобалар қорғап, оқушыларды ғылыми жұмыстарға тартудың маңызына тоқталды.

**Ақниет ТАҒЫБЕРГЕН**

# ҚАМҚОРШЫЛАР КҮНІ АТАЛЫП ӨТТІ

**Қамқоршылар күніне орай ананың мейірімінен қағылып, әкенің «айналайын» деген жылы сөзін естуден қалған балаларды бауырына басқандарды ұлықтау бүгінде дәстүрге айналған. Осы ретте Мәруа Құлышева атындағы балалар үйінде кең көлемде шара өткізілді.**




Балалар үйінің тәрбиеленушілері өздеріне көңіл бөліп, амандығын сұрай келгендерді үлкен қуанышпен қарсы алады. Бұл жолы да солай болды. Олар меймандарды мұражайға ертіп, балалар үйінің негізін қалаған Мәруа апайдың өмірі мен еңбек жолымен таныстырды. Құнды жәдігерлердің тарихын баяндап берді. Ұл-қыздардың қазақ тіліне жүйрік екені қатысушыларды тамсандырды десек артық болмас.

Одан кейін балалар үйінің тәрбиешісі ата-аналарға тренинг өткізіп, бала тәрбиесінде, оның ішінде балалар үйінде тәрбиеленген жасөспірімнен тұлға қалыптастырудың жолдарын нұсқады. Өтпелі кезеңнен кедергісіз өту, баланың көңіл-күйін көтеру жөнінде кеңес беріп, бала тәрбиесінде ең бастысы сүйіспеншілік пен мейірбандық болу қажеттігін алға тартты. Тренинг соңында балалар үйінің директоры Ғазиз Жетібаев қамқоршыларға облыстық білім басқармасының Алғыс хатын тапсырды.

Балалар үйінің тұрмыс-тіршілігін таныскан қамқоршылар демеушілердің көмегімен ашылған «Marua boxing team» жаттығу залына өтіп, болашақ былғары қолғап шеберлерінің дайындық барысын тамашалады. Бүгінде республикалық, облыстық додаларда топ жарып жүрген жас спортшылар мұнда аптасына екі мәрте жаттықса, қалған күндері спорттық-сауықтыру кешеніне барады.

Әннен шашу шашып, мың бұрала билеген тәрбиеленушілер өздерінің актерлік шеберліктен кенде еместігін көрсетті. «Теремок» сахналық көрінісін орындап берген олар көптің ықыласына бөленді. Жалпы, балалар үйінің тәрбиеленушілері қай қырынан болсын өнерлі. Қыздар жағы өздерінің асханадағы қабілеттерін паш етіп, қонақтарға өздері дайындаған тәтті бәліш, тоқаштарын ұсынды.

Бүгінгі таңда Мәруа Құлышева атындағы балалар үйінде 6-16 жасқа дейін барлығы 35 тәрбиеленуші бар. Жыл өткен сайын ата-ана қамқорлығынсыз қалған балаларды асырап, баққысы келетін отбасылар көбейген. Биылдың өзінде 15 жеткіншек патронаттық тәрбиеге алынып, отбасында өмір сүруде. Міне, қамқоршылар күні сол ата-аналарды елеп, еңбегін бағалауды мақсат тұтады.

**Бота ШАЛҚАР**

# «СӘКЕННІҢ СҰЛУ ЖЫРЛАРЫ»

**«Жезқазған қаласы мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің орталықтандырылған кітапханалар жүйесі» КММ Елбасының «Рухани жаңғыру: болашаққа бағдар» атты бағдарламасы бойынша мемлекет және қоғам қайраткері, ақиық ақын С.Сейфуллиннің 125 жылдығына орайластырып отырған апталыққа байланысты М.Әуезов кітапхана-филиалы «Сәкеннің сұлу жырлары» атты әдеби марафон өткізді.**




Іс-шараның мақсаты – жастарға еліміздің тәуелсіздігі мен елдігі үшін күрескен Алаштың ардақтысы С.Сейфуллиннің өмірі мен шығармаларын оқып, ұлтжанды ұрпақ тәрбиелеу.

Көрермендерге Жезқазған филармониясының әншісі, ҚР-ның еңбек сіңірген әртісі Ғ.Мұхамединнің орындауындағы С.Сейфуллиннің 125 жылдығына шығарылған таспадағы әндер жинағы орындалып тұрды.

С.Сейфуллиннің жерлесі, ақын топырағынан нәр алған медициналық колледждің студенті Қызғалдақ Серкебай «Біздің жақта», «Тау ішінде» әнін тамылжыта орындаса, №7 мектеп-лицейдің оқушысы Тоқтамыс Бірмағанбетов Сәкен рөлін сомдап, монолог оқыды. Ақынның табиғатты жан жүрегімен нәзік сезініп, сүйсіне жырлаған «Оқжетпес», «Жұмбақтас», «Бурабай» поэмаларын кітапхана оқырмандары, ЖезУ, медициналық колледждің студенттері Шамшат Түзел, Нұршат Күлмұратова, Мөлдір Манарбекқызы мәнерлеп жатқа айтып берсе, жас кітапханашы А.Айтбаева «Келіншектің бесік жырын» көрініс арқылы жеткізді. Сәкенге шығарылған арнау мен өлеңдерді мектеп оқушылары, «Жас толқын» поэзия клубының мүшелері А.Ермекбаева, А.Мажитова, Н.Серікбай, А.Қажмағанбетова, М.Иманжанова, Е.Таңатар және жас ақын Бейбіт Сәбит жырмен тебірене жеткізді. Саз колледжінің студенттері Б.Аманғали, Б.Сақанов «Ақсақ киік», «Көкшетау» әндерін тамылжыта орындап әнмен шашу шашты.

Асуы жоқ асулардан асайық,
Ашылмаған тас қақпаны ашайық.
Болмағанды болдырайық дүниеге,
Жаңа тұрмыс жаңа жерге жасайық! – деп ақынның ой мен сезім астасқан жырларын жаттаған жас қауым да ақын өлендерін ешқашан естен шығармайды дей келе, бүгінгі «Сәкеннің сұлу жырлары» атты әдеби марафонға, қатысқан барлық жастар дипломмен марапатталып, естелікке суретке түсумен аяқталды.

**Айнекен ЖӘНІБЕКОВА,**
**М.Әуезов атындағы кітапхана-филиалы**

МЕРЕЙТОЙ

# ҒИБРАТТЫ ҒҰМЫР ИЕСІ

## *Хаташ Ұлданов 90 жаста*

**65 жылдық тарихы бар мысты өлке іргетасын қалап, дамуына сүбелі үлес қосқан ұл-қыздарға бай. Бүгінгідей берекелі күннің негізін қалауда маңдай терін төгіп, қажыр-қайратын жұмсаған еңбек ардагерлерін еске алмау ұрпаққа үлкен сын екені белгілі. Осы ретте еңбегімен абырой биігінен көрінген жезқазғандықтар қала басшылығы тарапынан ескерусіз қалып жатқан жоқ. 25 қазанда торқалы 90 жасқа толған Хаташ Ұлдановқа да сый-сияпат жасалып, құрмет көрсетілді.**



65 ЖЕЗҚАЗҒАН

1929 жылдың 25 қазанында Атырау облысында дүниеге келген Хаташ Ұлданов 1948 жылы КСРО Министрлер кеңесінің жолдамасымен «Фабрика-завод оқуын» оқуға Қарсақбай кентіне жіберіледі. Оқуын аяқтаған соң, Кеңгір жылжымалы электр станциясына слесарь жұмысшы болып орналасқан ол бар саналы ғұмырын энергетика саласына жұмсайды. 1949 жылы құрылысы қайта жанданып, 1952 жылдың 6 қарашасында іске қосылған Жезқазған жылу электр орталығында зейнеткерлікке дейін еңбек етті. Еңбек жолын қарапайым слесарьдан бастаған Хаташ атай механикалық цехтың жөндеу бойынша бастығының орынбасары қызметіне дейін көтерілді. Білікті маман жұмысқа енді алынған жастарға ағыт-бағдар сілтеуден шаршамаған. Бір емес, бірнеше толқын шәкірт тәрбиелеген оның еңбегі еленді. Еңбек ардагері атанып кеудесіне «Еңбек қызыл Ту» орденін тақты. Жезқазған қаласының құрметті азаматтары қатарынан табылды.

Өнегелі өмірінің 40 жылын табан аудармастан жылу электр орталығында өткізген мерейтой иесінің кеудесі – тік, көңіл-күйі – көтеріңкі. «Ұзақ жасаудың сыры – адал еңбекте» екенін ұрпағына ұғындырып отырған атайдың ұлдары әке жолын жалғағанын айтпай кетпеске болмас. Үйдің үлкені Асқар зейнеткерлікке шықса да энергетика саласында лауазымды қызмет атқарып жүрсе, қара шаңырақтың иесі Серік инженер-энергетик қызметінде. Тіпті, әулеттің үлкен немересі Марат та осы саланы таңдаған. Еңбегінің зейнетін көріп отырған қызы Әсия басы ауырып, балтыры сыздағандарды шипалы алақанымен емдеп жазды. Әкенің өнегесін бойына сіңіріп, анасының өсиетін санасына тоқыған ұл-қыздары бүгінде немере сүйіп отыр. Шөберенің қолынан су ішкен Хаташ атай үйдегі Айдос пен Әділет есімді қос шөберенің тәрбиесін де назардан тыс қалдырмайды. Қолы қалт ете қалса оларды жанына алып, халық ертегілерімен сусындатып, өмірден түйгендерімен бөліседі.

Торқалы тойын кең дастарқан басында, ұл-қызының ортасында қарсы алған Хаташ Ұлдановты қалалық ардагерлер кеңесінің төрағасы Айып Байқасынов бастаған топ құттықтай барды. Құттықтау хаты мен ықылас гүлін сыйлаған олар атайға «жүз жасасын» деп тіледі.

Өткен күннен естелік айтып, еңбек жолында қызметтес болған игі жақсылар хақында әңгіме өрбіткен мерейтой иесі әр жезқазғандықтың үйіне жылу беріп, кәсіпорындарды жарықпен қамтамасыз еткен жылу электр орталығы екінші үйі екенін, далаға шыға қалса орталықтың будақтаған мұржасына көз тігетінін айтты. Және жастарға ақ батасын беріп, ел дамуы мен өңірдің гүлденуі жолында қажымай еңбек етуді тапсырды.

**Диана ОРАЗАЛИНА**

# ЕҢБЕК АРДАГЕРІ ҚҰРМЕТКЕ БӨЛЕНДІ



**Азаматтық қоғамның негізгі саналатын үкіметтік емес ұйымдардың жұмысын ширатып, Жезқазған қаласында алғаш болып енгізген Валентина Предеина 70 жасқа толды. Еңбек ардагерінің құрметіне салтанатты шара ұйымдастырылды. Мерейтой иесін құттықтауға қалалық ішкі саясат бөлімінің басшысы Мереке Мырзабекова бастап келген жезқазғандық қоғамдық ұйымдардың төрағалары бар.**

65 ЖЕЗҚАЗҒАН

– Сіз алғашқылардың бірі болып үкіметтік емес ұйымдарды біздің қоғамға кірiктiруге атсалыстыңыз. Сонымен қатар, сіз негізін қалаған «Томирис» қоғамдық бірлестігі өзекті мәселеге назар аудартып, әйелдер мен балаларға жасалған тұрмыстық зорлық-зомбылықты, әйелдердің қоғамдағы алар орны мен олардың құқықтарының тапталмауын, әлеуметтік жағынан аз қамтылған отбасыларға қолдау көрсету мен салауатты өмір салтын ұстануды насихаттауды қолға алдыңыз. Өзгенің мұңын бөлісіп, қиын жағдайға тап болғандардың өміріне бейжайлық танытпағаныңыз Сіздің беделіңізді арттырып, ел алғысына арқалатты, – деп өз құттықтауымен шараның шымылдығын түрген Мереке Батырбекқызы қала әкімі Қайрат Бегімовтің құттықтау хаты мен Қарағанды облысының қоғамдық ардагерлер кеңесі төрағасының Алғыс хатын табыстады.

Естеріңізге сала кетсек, Жезқазғандағы «Томирис» қоғамдық бірлестігі он үш жылдан бері басына қандай да бір қатер төніп, күр¬меулі мәселеге тап болған әйелдер мен жасөспірімдерге қолдау көрсетеді. Қоғамдық бірлестікке Қазақстан кризистік орталығы одағының, республикалық әйел¬дер көшбасшылығы мектептері желісінің және Іскер әйелдер қауымдас¬тығының мүшесі Валентина Предеина басшылық жасайды. 2006 жылы құры¬лып, бүгінге дейін жоғарыда аталған мәсе¬лелермен белсенді айналысып келе жатқан орталық көмегіне 3000-нан астам адам жүгінген. Күні бүгінге дейін тығырыққа тіреліп, көмекке зәру адамдарға заңгерлер мен психологтар кеңес беріп, қолұшын созып келеді. Ұйым көптеген мәселелер бойынша қалалық әкімдік пен ішкі істер бөлімі және құқық қорғау органдарымен бірлесіп жұмыс істеуді жолға қойып, әйелдер мен балаларға құқықтық, әлеуметтік және психологиялық көмек көрсетуде.

Новосібірде туып, Алматыда технолог мамандығын игерген Валентина Николаевна өз бақытын мысты өлкеден тапқан. Ұзақ жылдар бойы тігін цехында абыройлы еңбек етіп, өңірдің жеңіл өнеркәсібін дамытуға үлес қосқан. Бала тәрбиелеп, немере сүйген ол зейнет жасқа жетсе-дағы қоғамдық жұмыстардан алшақтамады. Бүгінгі күні өзекті проблемаға айналған тұрмыстық зорлық-зомбылықпен күресуді бастап, жәбір көрген әйелдер мен балалардың құқығын қорғауды өзінің міндеті етті. Және осы міндетін сәтті жүзеге асырып келеді. Еңбегі еленіп Валентина Предеина жетекшілік ететін «Томирис» қоғамдық бірлестігі 2007 жылы Қарағанды облысындағы ең үздік үкіметтік емес ұйым атанса, 2009 жылы дл осы конкурста жүлделі II орынды қанжығасына байлады. 2011 жылы аймақтық форумда «Үздік ҮЕҰ» атағына лайықты деп танылса, 2015 жылы облыстық конкурста «Болашақты ойлаған» номинациясында үздік шықты. Одан бөлек бірнеше мәрте облыстық, қалалық марапаттардың иегері атанған. «Томирис» орталығы халықаралық ұйымдармен де әріптестікті жолға қойғанын айта кеткен жөн.

Шара барысында мерейтой иесіне деген ыстық лебізін жеткізуге «Nur Otan» партиясы Жезқазған қалалық филиалының эксперті Жанар Майханова, денсаулық сақтау басқармасының Жезқазған аймақтық өкілдігінің басшысы Ляззат Ранова, Қазақстан халқы ассамблеясының мүшесі Зинаида Чумакова, «Мейірімді жүрек», «Заман жарғысы» қоғамдық бірлестіктерінің төрайымдары Эльвира Алпанбаева мен Әсем Асанханова, «Русская община Жезказгана» қауымдастығының төрайымы Нина Барбутько асықты. Олар өз сөзінде Валентина Предеинаның іскерлігін, біліктілігі мен адамгершілігін тілге тиек етіп, сый-тағарлыларын ұсынды. Өзіне көрсетілген сый-құрметке тәнті болған мерейтой иесі ризашылығын білдіріп, барша қала жұртшылығын Жезқазғанның 65 жылдығымен құттықтады.

**Диана ОРАЗАЛИНА**
*Суреттерді түсірген*
**Ғалия ӘБДІҒАППАРОВА**

ЕРТЕҢГІЛІК

# БӨБЕКЖАЙДАҒЫ «КҮЗГІ БАЛ»

**Бүлдіршіндерді тәрбиелеу мен дамыту жағынан алдыңғы орындардың бірін иеленетін, көптеген ата-аналардың көңілінен шығатын №12 «Салтанат» бөбекжайында жылдағы әдетке айналған «Күзгі бал» ертеңгілігі атап өтілді.**



Балабақша табалдырығын аттаған, оңы мен солын танып үлгермеген 2-3 жас аралығындағы «Бақ-бақ» тобының ертеңгілігі күздің жапырақтарындай сап-сары болып киініп жарқырап шыққан бүлдіршіндердің тәтті де қылықты билерімен басталды. Әдемі безендірілген зал, алтындай жылтырап ілінген жапырақтар, күз туралы әсем әуендер мен жаңбыр дыбысы, жеміс-жидектер болып киініп, өнер көрсеткен мерекені тәрбиешілер сұрақ қою арқылы өрбітті. Өздерінің бойларымен бірдей болған қызылды-жасылды қолшатырды ұстап, оны музыка ырғағына сай айналдырып билеген кішкене қыздардың «Қолшатыр» биі бәрін сүйсіндірді. Құлпынай, сәбіз, бұрыш, шие болып киінген ұл-қыздардың биін көргенде ішіміз жылып, «Шәкіртсіз – ұстаз тұл» деген қағидаға тағы бір рет көз жеткізгендей болдық. Түрлі ойындар ойналып, балалардың сөйлеу, қабылдау қабілеттерінің жас ерекшелігіне сай дамып жатқаны байқалды. Екі жастан енді асып, тілдері былдырап шыққан балалапандардың төрт шумақ өленді оқуы ата-аналар үшін үлкен жетістік, қуаныш болды.

Ең кішкене топқа басшылық етіп отырған он бес жыл еңбек өтілі бар Шырын Шайхықызы мен жас тәрбиеші Айым Өмірбекқызы әдетте тек жоғары топ қана көрсететін «Сән байқауын» да ұйымдастырыпты. Газеттен, жапырақтан тігілген киімдерді киіп, ортаға шығып барын салып айналып, сән көрсеткен бүлдіршіндер терең сезімге орап, жүректі сағынышқа толтырды. Осындай әдемілік пен сұлулықтың куәсі болған бүлдіршіндердің сұлулыққа деген ұмтылысы күшейе түсетіні анық.

Ал біз, өз кезегімізде ата-аналар қауымы осындай тәрбиешілерден тәрбие алып жатқан біздің кішкене балапандарымыздың мектепке дейінгі қадамы және балалық шақтарының нұрлі екендеріне сенімміз зор. Кішкене ғана періштелердің күнін сәнді еткен №12 «Салтанат» бөбекжайының директоры Салтанат Сапарбекқызы Жұмабаеваға, әдіскерлер Нұргүл Бақбергенқызы Аяшова, Гүлзада Мұсылманбекқызы Түсіпбековаға, тәрбиешілер Шырын Ақпанбетова мен Айым Көлбайға айтар алғысымыз зор.

Ертеңгілік соңы ата-аналардың бүлдіршіндермен қосылып жеміс-жидектен жасалған көрмені бағалаумен жалғасты.

**№12 «Салтанат» бөбекжайы «Бақ-бақ» тобының ата-аналары комитеті.**

АТАУЛЫ КҮН

# 1 ҚАРАША – ТАРИХТА



*1520 жылы 1 қарашада Магеллан бұғазы ашылды.*

*Ал 1897 жылы, дәл осы күні Италияның «Ювентус» футбол клубы құрылды.*

*1993 жылы 1 қарашада Қазақстан Республикасының алтын-валюта резервтері туралы алғашқы деректер жарияланды.*

*1993 жылы осы күні Европалық одақ құрылды.*

*1997 жылы Улан-Батур қаласында Қазақстанның Моңғолиядағы елшілігінің ашылу салтанаты өтті.*